

Тәуелсіз еліміздің басты
байлығы – адам.
Мемлекетіміздің тірегі де,
алтын діңгегі де –
Қазақстан халқы.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



«ОМИКРОН»
ҚАНШАЛЫҚТЫ
ҚАУІПТІ?

7

ТӘУЕЛСІЗДІК–30



ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:
30 ЖЫЛДЫҢ
30 СӘТІ

12-13

ЖАҚЫНЫҢА
ЖАНАШЫР БОЛ!



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

9.12.2021

Түнде:



0-2 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын
(жаңбыр, қар), көктайғақ.

Күндіз:



0+2 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын
(жаңбыр, қар), көктайғақ.



Желдің
жылдамдығы:
3-8 м/с

10.12.2021

Түнде:



-5-7 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+1+3 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №150 (6126) 9 желтоқсан, бейсенбі, 2021 жыл.

ОЙЫ ЕРКІН, РУХЫ АЗАТ БУЫН

Елордада «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын тапсыру рәсімі өтті



Ақорданың
Баспасөз қызметі
хабарлағандай,
салтанатты рәсімге
қатысқан
Мемлекет басшысы
жастарды ел
Тәуелсіздігінің
30 жылдық
мерейтойымен
құттықтап, бұл
кездесудің ерекше
мәні бар екеніне
маңыз берді.

2

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫ

Шаһар экономикасын қалпына келтіру жұмыстары
жоғары қарқынмен жүргізілуде



Кеше ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев қаланың 2021 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын ала қорытындыларымен бөлісті. Қала әкімі пандемияға және оған байланысты шектеулерге қарамастан, Алматы әлеуетін арттыруды жалғастырып, қалпына келтіру жоғары қарқын алып отырғанын атап өтті.

ҚЫСҚА...

- Парламентте сыртқы жарнамалардың қазақ тілінде дұрыс жазылуын талап ететін құжат қабылданды.
- Қылмыстық кодекске өлім жазасын алып тастауға қатысты өзгерістер енгізілді.
- Қарағанды өңірінде аумағы 58,9 мың гектарды құрайтын «Ұлытау» – ұлттық паркі құрылды.
- 9–16 желтоқсан аралығында Еуропада қазақ киносының күндері өтеді.
- Алматыда мектептердің 80%-ы инклюзивті білім беру үшін ойдағыдай қамтамасыз етілген. Оларда ерекше қажеттіліктері бар 4 мыңнан астам бала оқиды.

www.almaty-akshamy.kz



3-5



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
261-59-11, 259-88-99 (ішкі 0318) телефондары бойынша хабарласыңыз!





● ПРЕЗИДЕНТ

ОЙЫ ЕРКІН, РУХЫ АЗАТ БУЫН

Елордада «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын тапсыру рәсімі өтті



(Соңы. Басы 1-бетте).

Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіздік ұрпақтары, шын мәнінде, жаңа Қазақстанның басты символдарының бірі ретінде атап өтті.

– Еліміз дербес мемлекет болғаннан бері ойы еркін, рухы азат тұтас буын өсіп жетілді. Тәуелсіздік перзенттерінің алдыңғы толқыны ержетіп, ел ісіне араласуда. Олар Отанымыздың өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосып келе жатыр. Мен есемдік кезеңінде туып-өскен жастарымызға арнайы грант бөлуді тапсырғанмын. Бұл – талапты ұл-қыздарымыздың бастамаларын қолдау үшін жасалған қадам. Қазақта «Жас келсе – іске» деген жақсы сөз бар. Халқымыз жастарға әрдайым зор сенім артып, ерекше үміт күтеді. Ұрпақтың тәрбиелі, білімді және білікті болуына айрықша ден қояды, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев дарынды жастарымыз еліміздің болашағына деген сенімді нығайта түсетінін, олардың туған ел үшін қызмет етуге құлшынысы қуантатынын айтты.

Тәуелсіздік ұрпақтарының тартуы

Мемлекет басшысы грант жеңімпаздары

ұсынған жобалармен танысып шыққанын, бұл жобалардың көпшілігінде экологияға баса мән берілгенін айтты. «Бұл – өте дұрыс. Өйткені, қоршаған ортаны қорғау – қазір барша адамзат үшін аса маңызды мәселе. Кең байтақ жеріміздің бірегей табиғатын сақтау – бәріміздің қасиетті борышымыз. Жастардың тың идеялары нақты жүзеге асып, халықтың игілігіне айналады деп сенемін. Шын мәнінде, бұл еліміздің мерейтойына Тәуелсіздік ұрпақтарының тартуы болмақ», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жастарды қолдау мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты екеніне тоқталған Президент өткен ғасырдың 90-жылдарындағы дағдарыс кезінде «Болашақ» атты ауқымды білім бағдарламасының жүзеге асырылғанын және ол Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасы екенін қадап айтты. «Соның арқасында әлемнің үздік жоғары оқу орындарында еліміз бойынша мыңдаған жас білім алды және әлі де оқып жатыр. Олардың көбі Қазақстанның қарқынды дамуына зор үлес қосып келеді. Президенттік жастар кадрлық резерві тиімді әлеуметтік лифтке айналды. Бұл бастама жастардың, өршіл кәсіби мамандардың мемлекеттік басқару жүйесінде өзін тағы бір

мәрте дәлелдеуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, партиялардың сайлау тізіміндегі 30 пайыздық квота Мәжіліс пен мәслихаттарда жастар қатарының көбеюіне ықпал етті».

Жобаларды іске асыруға жақсы мүмкіндік

Президент жастарды әлеуметтік тұрғыдан қолдайтын жобалар мен бағдарламалардың жүзеге асырылып жатқанына тоқталды.

– Жастарды қолдау үшін тұрғын-үй бағдарламалары және арнайы жобалар жүзеге асырылуда. Мәдениет, ғылым мен білім саласында табысқа жеткен дарынды жастарға мемлекеттік сыйлық берілуде. Бүгінгі іс-шара сіздердің бастамаларыңызды және шығармашылық жоспарларыңызды жүзеге асыруға тың серпін беретініне кәміл сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі уақытта табысты адам білімді, еңбеккор болу, максатқа ұмтылу және белсенділік таныту сияқты қасиеттерімен ғана ерекшеленетінін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев грант жеңімпаздарына жобаларын іске асыруға жақсы мүмкіндік беріліп отырғанын айтты.

– Қазақта «Талаптыға жол бер» деген нақыл сөз бар. Мемлекет жастардың талабын ұштауға барынша жағдай жасап келе жатыр. Атқарылып жатқан ауқымды жұмыстың, реформалардың игілігін сіздер міндетті түрде көресіздер. Жақында Елбасы жастарға терең мағыналы Үндеуін жолдады. Өскекең ұрпақ аға буынның үмітін ақтайтыны сөзсіз. Сол үшін әрбір жас бойына тек жақсы қасиеттерді сіңіруі керек, – деді Президент.

Жиын соңында Мемлекет басшысы жасампаз, отаншыл әрі ұлтжанды жастар ғана елімізді өркендеті алатынын айтып, жастардың болашақта кәсіби маман, өз ісінің нағыз майталманы болатынына, сол арқылы аға буыннан асып түсетініне сенім білдірді.

Жастар өз кезегінде мемлекеттің қолдауы үшін Президентке алғыс айтты.

Т.ДЕРЫСАЛИН.

● КОНФЕРЕНЦИЯ

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

Жаңа білім беру тәжірибесін қалыптастыру

стратегиялық маңызы бар мәселе

Рая
ЕСКЕНДІР

Алматыда ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесі аясында «EdCrunch Glocal» – білім берудегі жаңа технологиялар» атты конференция өз жұмысын бастады. Конференция жұмысына шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев қатысты.

Конференция бағдарламасы, негізінен, балалардың ерте дамуы; ХХІ ғасыр мектебі және дағдылары; цифрлық университет, корпоративтік оқыту, EdCrunch Stage, EdTech нарық және инвестициялар; EdCrunch Night – edutainment event (білім беру шоуы) сияқты тректерден тұрса, оның басты бағыты – «Жаңа білім беру тәжірибесін жобалау» (Learning experience design) тақырыбында өрбиді.

Конференция қатысушыларына арнаған

құттықтау сөзінде қала әкімі Бақытжан Сағынтаев заманауи ағым талабына сай жаңа білім беру тәжірибесін қалыптастыру – стратегиялық маңызы бар мәселе екенін атап өтті.

– Бүгінгі басқосуымыздың басты тақырыбына айналып отырған мәселе – білім беру сапасын дамыту және оның нарық пен қоғам қажеттілігіне сәйкестігі. Осы міндеттерді шешу мақсатында біз «Алматы–2050» жаңа стратегиясын іске асыруды қолға алып отырмыз. Ол баршаларыңызға ашық, таланттардың, туризм мен инновацияның дамыған ортасын құруға бағытталған», – дей келе, қала әкімі Бақытжан Сағынтаев даму жоспарының басты мақсаты – адами капиталды дамыту екенін, қаладағы білім беру жүйелерінің әлемдік деңгейге бағыттаған даму бағдарламаларына қосылғанын жеткізді.

Конференция жұмысына 25 елден 400-ден астам спикер қатысты. 2 күн бойы сараптама-

лық сессия, панельдік пікірталастар мен шеберлік сабақтары өтті. Қатысушылар педагогикалық дизайн саласындағы озық тәжірибелерімен бөлісіп, білім беру саласының болашағы, жаңа технологиялардың келешегі мен оның жетістіктерін жан-жақты талқылады.

Конференцияға Сколково басқару мектебінің практика профессоры Павел Лукша, Fincraft Group холдингінің президенті Кеңес Рақышев, режиссер-сценарист, технологиялық кәсіпкер, Bazelevs кинокомпаниясының негізін қалаушы Тимур Бекмамбетов, LX Design пионері, «Білім беру тәжірибесін жобалау» терминінің авторы, LXD Canvas конференциясының бағдарламалық директоры Нилс Флор, Tap Media Group иесі Арманжан Байтасов, «Сәби» қайырымдылық қорының президенті Әсел Тасмағамбетова сияқты басқа да бірқатар лауазымды тұлғалар құрметті қонақ ретінде қатысты.

● САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

Жыл басынан бері
Алматы экономикасы5,5%-ға өсіп,
5,8 трлн. теңгені
құрады.

Шаһарда

33 000-нан
астам
бала тегін үйірмелерге
барады.Алматы
тұрғындарының
99,2%-ы
газбен қамтамасыз
етілген.Мегаполисте
жыл басынан бері
55 000
жаңа жұмыс орны
ашылған.Алматы
мектептерінің
80%-ында
инклюзивті
білім беруге барлық
жағдай жасалған.



қызмет көрсету, сауда, құрылыс және өнеркәсіп. Жыл басынан бері шағын бизнесті несиелеу 1,4 есе өсті. Қалалық бағдарламалар бойынша несиелеу бюджеті өткен жылмен салыстырғанда, 55%-ға (49,5 млрд. теңгеге) өскенін атап өткен жөн.

Қаланың тыныш аудандарында (Алатау, Наурызбай, Жетісу, Түркісіб аудандары) кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру үшін бизнеске 5%-бен несиелеу беру ұсынылады. Кәсіпкерлік субъектілері 30 мың жұмыс орнын, «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында – 2680 бірлік, Бизнес-жол картасы – 1621, білім беруді дамыту бағдарламасы бойынша – 2690, ИИДМБ – 868, АӨК – 200, Өңірлерді дамыту бағдарламасы бойынша – 282, туристік сала бағдарламасы бойынша – 145, ЖКЖК – 1374, басқалары бойынша – 25 мың орынды құрайды.

«ЖАҢА АЛМАТЫНЫ» ДАМУ ЖОСПАРЫ ҚАЛА ТҮРГЫНДАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН ШЕШЕДІ

Бакытжан Сағынтаевтың айтуынша, пандемия қалаға қосылған аумақтардағы шағынаудандардың инфрақұрылымын жақсарту жөніндегі жобаларды іске асыруға түзетулер енгізген. Алайда, қойылған

110-220 кВ электр беруін әуе желілерін кабельге ауыстыру болашақта 2035 жылға дейін Алматы қаласының электр желілерін 2030 жылға дейін дамыту сызбасын әзірлеуде. Аула аумақтарын жарықтандыру бойынша ЖСҚ әзірленді. Жобада 486 аулада сыртқы жарықтандыру желілерін орнату жоспарланған. Жобаны іске асырудың алдын ала мерзімі 2022 жылға жоспарланған. Кешенді жоспар аяқталғаннан кейін Алматы тұрғындарының негізгі базалық қажеттіліктері шешілетін болады, олар орталықтандырылған сумен жабдықтаумен және су бұрумен, үздіксіз энергиямен және газбен жабдықтаумен толық қамтамасыз етілетіндігін атап өтті.

МЕГАПОЛИС ЭКОЛОГИЯСЫН ЖАҚСARTY ШАРАЛАРЫ ҚАБЫЛДАНУДА

Ең басты міндеттің бірі – ЖЭО-2-ні газға көшіру жөніндегі көпжылдық проблеманы шешу болды. Құрылыс жұмыстары 2022 жылдың наурыз-сәуір айларында басталады. Станцияның бірінші блогын газ отынымен қосу 2023 жылдың соңына жоспарланып отыр. Жаңа станцияның жобасы орнатылған 600 МВт-қа дейін электр және 957 Гкал/сағ жылу қуатын қарастырады. Электр станциясы экологиялық таза

АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫ

Шаһар экономикасын қалпына келтіру жұмыстары жоғары қарқынмен жүргізілуде

(Басы 1-бетте)

АЛМАТЫ БЮДЖЕТІНІҢ 47%-Ы ҚАЛАЛЫҚТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК СҰРАНЫСТАРЫН ШЕШУГЕ ЖҰМСАЛАДЫ

Алматы қаласының әкімі Бакытжан Сағынтаев қала бюджеті әлеуметтік бағытта қалып отырғанын, сондай-ақ мегаполистің экономикалық көрсеткіштері туралы айтып берді. Оның айтуынша, 2021 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша мемлекеттік бюджетке салық түсімдері өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 28,7%-ға өсті. Қалалық бюджет әлеуметтік бағдарланған, әлеуметтік салаға 47%-ы тиесілі. Шығындардың негізгі баптары – білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік әл-ауқат, спорт, мәдениет және туризм. Қалған қаржы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, көлік инфрақұрылымын дамытуға, абаттандыруға, қоғалдандыруға, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жұмсалады.

Пандемияның барлық қиындықтарына және оған байланысты шектеулерге қарамастан, Алматы экономикасы қалпына келудің жоғары қарқынын көрсетуде. Жыл басынан бері Алматы экономикасы 5,5%-ға өсіп, 5,8 трлн. теңгені құрады. Алматы – инвесторлар үшін тартымды қала. Бүгінде жалпы инвестиция көлемі 54,3 млрд. теңге болатын қызмет көрсету саласында бірқатар жобалар іске асырылды. Бұл – құны қымбат тұратын Holiday Inn Express қонақүй кешені, Swissotel Wellness Resort Alatau емдеу-сауықтыру кешені. Осы айдың өзінде Ibis және Novotel халықаралық брендтерімен көпфункционалды «Жетісу» қонақүй кешені ашылады. Құны 85 млрд. теңге болатын Алматыдағы Халықаралық әуежайдың жаңа терминалын салу маңызды жоба болуы тиіс, бұл жолаушылар ағынын жылына 6 млн. адамға дейін, өткізу қуатын – 2,5 есеге арттырады. Ағымдағы жылы Бостандық ауданында De Montfort Kazakhstan университетінің кампусы салынды.

Медеу ауданында университет кампусын салу жоспарлануда. Ағымдағы жылдың ақпан айында «High Tech Academy» жеке Халықаралық инновациялық мектебі жобасы іске асырылды. Наурыз айында Медеу ауданында «Helmet» медициналық-оңалту орталығы ашылды. Қыркүйек айында онкология және радиология институтының ғимаратында Томотерапия орта-



лығының ашылуы өтті, онда инвестор Денсаулық сақтау саласындағы түрік компаниясы «Orhun Medical» болды. Сауда саласында да жобалар пысықталуда, олар: Lerua Мерлен екінші сауда орталығының; Volkswagen және Mercedes Benz дилерлік орталығының құрылысы. Қаланың өнеркәсіп саласы да инвесторлар үшін тартымды. Қалада Индустриялық аймақ бар, онда өткен жылы «Hyundai Trans Kazakhstan» жеңіл автомобильдер зауыты, «Asia Steel Pipe Corporation» құбыр өнімдерін шығаратын зауыт салынды. Жаңа жобалар пысықталуда: «CELKONSAN Stroy» металл қоршаулар шығаратын зауыт және «Panelsan» сэндвич-панельдерін шығаратын зауыттар жобалары пысықталуда. Мегаполистің Индустриялық әлеуеті 10 айда 18,9%-ды құрады.

Қазіргі уақытта Алматының Индустриялық аймағына қатысушылардың құрамына «Halavet Gida Sanayiye Ticaret A. S.» түрік компаниясын желатин өндіру зауытын салу жобасымен қосу мәселесі пысықталуда. Ағымдағы жылдың 10 айында негізгі капиталға салынған инвестициялар 15% өсіммен 873 (873,7) млрд. теңгеден асты. Жыл басынан бері өнеркәсіпте 18% өсім қамтамасыз етілді. Бөлшек сауда көлемі 12,7%-ға өсіп, 3,3 трлн. теңгені құраса, көтерме сауда – 2,3%-ға, 8,7 трлн. теңгеге дейін жетті. Құрылыста 22,2% өсім қамтамасыз етілді. Жыл басынан бері инфляция 7,6%-ды құрады. ШОБ қала экономикасының барлық салаларында бар:



міндеттер жүйелі түрде шешіледі. Ағымдағы жылы «Жаңа Алматы» кешенді жоспары қала шетіндегі проблемаларды шешуге ғана емес, экономикалық өсуге де жұмыс істейді. Жалпы, жоспар аясында ағымдағы жылы 286 жоба іске асырылу үстінде, 73 жоба болашаққа қарастырылған. Биыл 24 шағынауданда 92 шақырым су құбыры және 77 шақырым кәріз желілері тартылып, 36,5 мың үйді қамтыды. Нәтижесінде қала тұрғындарының 98,5%-ы жыл соңына дейін сапалы ауызсумен қамтамасыз етіледі. «Жаңа Алматы» Кешенді жоспары аясында ұзындығы 6,6 шақырым Абай даңғылы мен Саин және Әуезов көшелерін үңгілеу жүргізілуде. Үш жолайрығының құрылысы аяқталып қалды.

Алматының «оңтүстік» аймағында электр энергиясының тапшылығын жою үшін «Алмагүл» қосалқы станциясы салынуда. Қуат өсімі шамамен 100 МВт құрайды. Сондай-ақ, «Каскад» қосалқы станциясының құрылысы аяқталуда, қуаттылық өсімі – 64 МВт. Осы жобаларды іске асыру «оңтүстік» аймақтың 450 мыңға жуық тұрғынын электрмен үздіксіз қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қалаға қосылған Алатау, Наурызбай және Түркісіб аудандарының аумақтарында 2021 жылы электр желілерін реконструкциялау бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды. Бұл 30 мыңнан астам тұтынушыны сапалы электрмен жабдықтауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, Алматы әкімдігі кернеуі

отын – табиғи газда болады. Ол жылу мен электр энергиясын бірлесіп өндіру – когенерация қағидатын пайдалана отырып, заманауи бу-газ технологиялары бойынша салынады. Станцияның 200 МВт үш блогы пайдалануға берілгенде, жаңа жабдық кезең-кезеңімен қолданыстағыларды алмастыратын болады. Электр энергиясы мен жылу өндіру процесі тоқтамайды. Модернизациядан соң қала атмосферасына ЖЭО-2 шығарындылары 15 еседен астам қысқарады. Қоғамдық көлік саласында электр қуатымен және газ отынымен жүретін автобустарды сатып алу жүргізілуде. Электротакси қызметі дамуда. Сонымен қатар, қала тұрғындарын мегаполистің түрлі бөліктерінде ауа сапасы туралы ақпараттандыру жобасы іске қосылды. Ақпарат қаланың 49 LED-экранындағы 41 датчиктен келіп түседі, сондай-ақ «Алматы» телеарнасында көрсетіледі. Сонымен қатар, биыл ауа мониторингі бойынша 60 датчик орнату және «Сергек» жүйелері мен шығарындыларды тіркеу және қала бойынша қозғалысты бақылау бойынша ПД-нің базасын интеграциялау жоспарлануда. Жасыл қорды дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Жалпы, қалада 2,6 млн. ағаш бар, оның 23%-ы ескі. «Жасыл Алматы» бағдарламасы аясында 530 мыңнан астам ағаш отырғызылды. Биыл 190 мың ағаш отырғызылады, бүгінде оның 115 мыңға жуығы отырғызылды. Қалаға кіреберісте 15 экопост орнатылған, тағы 4-еуі ағымдағы жылдың соңына дейін орнатылады. Барлық бекеттер өлшеуге арналған жабдыктармен, бейнебақылау камераларымен жабдыкталған. Ағымдағы жылдың 20 наурызынан бастап 140 405 өлшем орындалды, оның ішінде 21 913-те зиянды заттардың артуы. Келесі жылдан бастап 3 жылжымалы экологиялық бекет пен 1 зертхана іске қосылады. Қазіргі уақытта экологиялық нормаларға сәйкес келмейтін көлік құралдарын анықтау бойынша рейд жүргізілуде. 2550 көлік тексерілді, пайдаланылған газдардағы зиянды заттардың асып кетуі 519 автокөлікте анықталды. Тексерілген автокөліктің жалпы санының 23%-ы экологиялық нормаларға сәйкес келмейді. ЕҚДБ «Жасыл қалалар» бағдарламасы аясында Экология және қала дамуы мәселелерін шешу үшін «Жасыл қала» жоспарын әзірлеуде.

(Жалғасы 4-5-беттерде).



(Басы 1-3-беттерде)

Сондай-ақ, қоршаған ортаны жақсартудың тұрақты тетіктерін құру үшін «Big Apple» жобасы, агломерацияның ТҚК басқару бағдарламасы, Алматының жасыл белдеуін дамытудың 10 жылдық жоспары, агломерация атмосферасының динамикалық моделін құру және оның жұмыс істеуін қолдау үшін МЖӘ, жанартылатын энергия көздерін дамыту Бағдарламасы, электр көлігі үшін жарытау инфрақұрылымын құру және қолдау үшін МЖӘ және т.б. әзірленіп жатқанын атап өтті.

ҚАЛА АУРУХАНАЛАРЫ МЕН ЕМХАНАЛАРЫНЫҢ ЖАБДЫҚТАЛУЫ 91,5%-ҒА ДЕЙІН АРТТЫ

Бүгінгі таңда денсаулық сақтау нысандары бойынша жабдықтау көрсеткіші 91,5%-ды құрайды. Анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімшелерінің жарактандырылуы 100%-ға дейін жеткізілді. Жедел медициналық жәрдем жұмысы жақсарды. 3 жаңа қосалқы станция салынды. Бригадалар саны екі есеге артты. Автопарк 70%-ға жаңартылды. Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Назарбаевтың тапсырмасы бойынша ағымдағы және ықтимал эпидемиологиялық қатерлерге ден қою бойынша елдің ғылыми-медициналық әлеуетін шоғырландыру мақсатында Алматыда инфекциялық аурулардың көпбейінді ғылыми-зерттеу орталығының құрылысы басталды. Сондай-ақ, 3 емхана, 9 отбасылық-дәрігерлік амбулатория, 2 модульдік КТ-орталығының құрылысы басталды. Ағымдағы жылы Алатау және Наурызбай аудандарында үш емхана, 9 отбасылық-дәрігерлік амбулатория, екі модульді КТ-орталығының құрылысы басталды.

Балаларға шұғыл көмек көрсету орталығының және №2 БЖКБ қосалқы корпустарының құрылысы, паллиативтік көмек орталығы бар жаңа онкологиялық орталықтың және Медеу ауданында көпбейінді стационардың құрылысы жүргізілуде. 250 төсек-орынды балаларды оңалту орталығын және 50 төсектік ерте араласу орталығын орналастыру үшін бұрынғы «Алматы темір жол ауруханасын» қайта жаңарту және күрделі жөндеу жоспарлануда. Медицина кадрларының тапшылығын төмендету үшін ағымдағы жылы резиденттерді аса тапшы медициналық мамандықтар бойынша оқытуға 120 грант бөлінді. Медициналық колледжде оқуға 391 грант бөлінді. Алматы қаласының медициналық ұйымдарында 26 808 қызметкер жұмыс істейді, оның ішінде 6343 дәрігер, 13 232 орта медициналық қызметкер, 3872 кіші медициналық персонал және басқа да персонал – 3361 адам. Сондай-ақ, КВИ дерті өршіген жағдайда инфекциялық стационарларда жұмыс істейтін медицина кадрларының резерві дайын.

ҚАЛАДА 360 ОРЫНДЫ ҮШ МЕМЛЕКЕТТІК БАЛАБАҚШАНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛДЫ

Қазіргі кезде қалада 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың 64,2%-ы және 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың 90,6%-ы мектепке дейінгі тәрбиенен қамтылған. Бұл ретте 1 жастан 6 жасқа дейінгі 41 мыңнан астам бала мектепке дейінгі ұйымдарға кезекте тұр. Осы проблеманы кезек-кезеңімен шешу үшін ағымдағы жылы 4658 орынды 72 жекеменшік мектепке дейінгі ұйым ашылды. Оның ішінде 67-де 4378 орынға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған.

Ағымдағы жылдың соңына дейін 250 орынды тағы 5 жекеменшік мектепке дейінгі ұйым ашу жоспарлануда. Биылғы жылы жекеменшік балабақшаларда орналастырылатын мемлекеттік білім беру тапсырысы да ұлғайтылды. Бүгінгі таңда мемлекеттік тапсырыс 30 460 орынды 519 жекеменшік балабақшаға орналастырылған. Қалада 360 орынды үш мемлекеттік балабақшаның құрылысы аяқталды. Бұл ретте екеуі Наурызбай ауданындағы «Ақжар» мен «Таусамалы» шағынаудандарында және біреуі Бостандық ауданында салынуда. Түркісіб ауданында 280 орынды балабақша құрылысы жалғасуда. Сонымен қатар, Әуезов ауданындағы «Ақсай-4» шағынауданда 315 орынды балабақша ашу

жоспарлануда. Ол жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін қайтарылды. Желтоқсан айында балаларды қабылдау жоспарланған. Орта білім беру саласында қазіргі кезде Алматыда 291 мектеп жұмыс істейді, оның 207-і мемлекеттік. Бұларда барлығы 303 110 оқушы оқиды, бұл өткен оқу жылымен салыстырғанда, 12 мыңнан астам оқушыға артық. Бүгінде оқушы орындарының тапшылығы – 33 812. Осы мәселені шешу үшін «қадамдық қолжетімділік» қағидатын ескере отырып, 12 600 орынға арналған 8 мемлекеттік мектептің құрылысы жүргізілуде, оның ішінде 5100 орынға арналған 3 мектеп ағымдағы жылдың желтоқсан айында пайдалануға беріледі. 8263 орынды мектептерде 17 жаңа корпусының құрылысы жалғасуда. Бұл ретте 4600 орынды 11 корпус бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды, қалған алтауы – 3663 орын – ағымдағы жылдың соңына дейін аяқталады. Жеке инвестициялар есебінен жаңа оқу жылының басында 2656 орынды 13 жекеменшік мектеп ашылды. Ағымдағы жылдың соңына дейін осы шаралар есебінен 16 019 жаңа оқушы орнын құру және орын тапшылығын 47%-ға төмендегенін айтып өтті.

инфрақұрылымын одан әрі дамыту үшін метро желісі тыныш аудандар бағытында ұзартады. Ағымдағы жылы Алматы қаласында Сарыарқа және Б.Момышұлы станцияларымен метрополитеннің бірінші желісінің екінші кезегінің екінші іске қосу кешенін техникалық іске қосу жоспарланған. 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында оларды пайдалануға беру жоспарлануда.

«АҚЫЛДЫ» ЖОБАЛАР ЕНГІЗІЛУДЕ

Алматыда тұрғындардың сандық және компьютерлік сауаттылығының деңгейі өте жоғары Қызметтердің 90%-дан астамы электронды форматта көрсетіледі, бұл қаланың SmartCity қағидаттарына адалдығын айқындайды. Қала басшысының айтуынша, халықаралық сарапшылардың бағалауына сәйкес, IDC Алматының SmartCity ретіндегі цифрлық жетілу деңгейі «конъюнктурадан» «қайталануға» дейін 2017 жылғы 1,7 балдан 2021 жылы 2,7 балға дейін өсті. Өсім институционалдық нығайтумен және инфрақұрылымдық smart-жобаларды енгізумен негізделген.

АЛМАТЫ

Шаһар экономикасын қалпына келтіру



ШАҒАРДА 100 ШАҚЫРЫМНАН АСТАМ ЖАҢА ЖОЛ САЛЫНУДА

Биыл Алматының 274 көшесінде 64,9 шақырым жаңа жол салынды. Жыл соңына қарай 415 көшеде 108 шақырым жол салынады. Жалпы ұзындығы 80 шақырымға жеткен 7 шақырым веложол салу жұмыстары аяқталды. Жолайрықтарын салу бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Ағымдағы жылы Рысқұлов даңғылы мен Емцов көшесінің қиылысында жолайрығының бойымен көлік қозғалысын ашу жоспарланған. Биылғы жылдың соңында Абай даңғылы бойынша Момышұлы көшесінен Алатау көшесіне дейін қозғалыс ашу жоспарлануда. Қазіргі кезде Қарғалы өзені арқылы өтетін көпірдің құрылысы жүргізілуде. Барлық құрылыс-монтаж жұмыстарын толық аяқтау, сондай-ақ нысанды пайдалануға беру 2022 жылдың бірінші жартыжылдығына жоспарланған. Көлік

Бүгінде «ақылды» жобалар қала тіршілігінің барлық салаларына енгізілуде. «Сергек» жобасын іске асыру жолдардағы ЖКО саны мен өлім-жітімді азайтуға мүмкіндік берді. «Ақылды бағдарламалар» трафиктің орташа жылдамдығын 15–20%-ға арттырады. BigData және жасанды интеллект талдау құралдарын қолдану жаппай жиналатын орындардың мониторингін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Деректерге негізделген басқару шешімдері оларды ұтымды қолдануға ықпал етуде. Тұрғындармен өзара байланыс арналары құрылды, «Бюджетке қатысу» сияқты бағдарламалар енгізілді, қала тұрғындары қалалық бюджеттен қаржыландыру үшін жобаларды өздері анықтайды. Сонымен қатар, қалада өткен жылдан бері Alatau Creative Hub – «Алматы–2050» Стратегиясы және «Creative Almaty» кіші стратегиясы аясында құрылған жаңа буынның көп-

функционалды коворкинг орталығы жұмыс істейді. Креативті индустрияларды дамытудың «Creative Almaty» бағдарламасы 2019 жылы қала экономикасының құрылымдық маневрі мақсатында әзірленген, 10 креативті индустрияға негізделген. Оның ішінде кино және анимация, әдебиет, сән, жаңа медиа және сандық мәдениеттер, театр, опера және балет, киберспорт және геймдевелопмент, сәулет және дизайн, музыка, қазіргі заманғы өнер, ойын-сауық индустриясы. Креативті хаб «Алатау» ауданында «шетсіз қала» қағидаты бойынша құрылған, онда тұрғындар тегін коворкингте жұмыс істеп, танымал кәсіпқойлардың шеберлік-сабақтарына қатыса алады. Мұнда 25 тегін үйірме жұмыс істейді. Олардың арасында актерлік шеберлік, пікірталас клубы, домбыра, журналистика, шет тілдерін үйрену. Екінші қабатта стартаптар мен IT-инкубаторларға арналған кеңістіктен тұратын IT-зертхана, бағдарламалау мектебі, радиоэлектроника орталығы, робототехника мектебі бар.

Сондай-ақ, мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығы жұмыс жасауда. Жалпы, хабта таланттарды іздеуге және адамдар-

дың креативті дағдыларын дамытуға бағытталған ШОБ креативті жобалары үшін орындар ұсынылады. Осындай хабтарды құру қаланың әрбір ауданында жоспарлануда. Креативті индустриялардың еңбек өнімділігі өзгелерден жоғары. Бұл қала экономикасының тұрақтылығына оң әсер етуде. Бүгінгі өзінде креативті индустриялар Алматы экономикасының шамамен 1,7% үлесін алып отыр. Бұл шамамен 45 мың адам жұмыспен қамтылған 17,8 мың ұйым мен жеке кәсіпкерлер (барлық кәсіпорындардың 8,8%). Көрсетілген қызметтер көлемі – 402,8 млрд. теңге. Цифрландыру және креативті индустрия саласындағы драйвер жобалар: Бірыңғай деректер қоймасы – Азамат 360 / Сингапур моделі қағидаты бойынша өңірлік деректер қоймасы; Бірыңғай коммуникациялық кеңістік – барлық жоғары оқу орындарын, АТ компанияларын АТ таланттарының айналасына біріктіретін платформа; Қала аудандарының экономикалық кластерленуі – креативті индустрияларға назар аудара отырып, қала тұрғындарының кірістері/шығыстары көрсеткіштерінің серпинін қадағалау картасы; «Creative Class» онлайн платформасы – өз дарынынан табыс табуға, жаңа бағыттар мен аралас мамандықтарды зерделеуге үйрететін білім беру платформасы. «Almaty Creative Accelerator – 2022» бағдарламасы – креативті экономика стартаптарының тәжірибеге бағытталған бағдарламасы, өтеусіз негізде акселерациядан өту, креативті индустрия саласында бизнесті ұйымдастырудың әлемдік трендтерін жариялау Almaty Tik Tok Fest – жаңа цифрлық медианы дамытуға, Қазақстанның туристік бағыттарын тануды арттыруға, нарыққа әлемдік брендтерді тартуға бағытталған жоба; Almaty Cyber Games – Қазақстанда цифрлық спорт саласын дамытуға және танымал етуге бағытталған іс-шара. «MARCON» фестивалі – жергілікті және халықаралық деңгейдегі Digital – нарықтың жетекші ойыншыларына арналған контент-маркетинг саласындағы конференция. Сондай-ақ, қалада креативті квартал құрылатын болады, мұнда кәсіпкерлердің бизнес, шығармашылық идеяларын жүзеге асыру үшін жағдай жасалады.

ОҢТҮСТІК АСТАНАНЫҢ 2000 ЖАС ТҮРҒЫНЫ БАСПАНАМЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Бүгінде жеке тұрғын үй сатып алуға жеткілікті қаржысы жоқ, 29 жасқа дейінгі жастар да «Нұрлы жер» бағдарламасы бо-



йынша қолжетімді бағамен жалға берілетін пәтерлерді алу мүмкіндігі бар. Ол бойынша ең төменгі жалдау ақысы 10 мың теңгеден басталатын 5 жыл мерзімге сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй беру көзделген.

2021 жылғы 15–20 қараша аралығында осы бағдарлама аясында almaty-jastary.info сайтында өтінімдерді онлайн қабылдау жүргізілді. Наурызбай ауданының «Алмасити-5» ТК және Алатау ауданының «Мәдениет» ТК-де 1050 пәтер. Байқау қорытындысы аталған сайтта 2021 жылдың 16 желтоқсанында жарияланады. Жыл басынан бері 910 отбасы баспаналы болды. Сонымен қатар, өткен жылдан бастап «Алматы жастары» қалалық бағдарламасы бойынша жылына мындаған жеңілдетілген несиелер беріліп келеді. Жалпы, өсіп келе жатқан халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жыл соңына дейін 2,6 млн. шаршы метрден астам тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланып отыр. Кезекте тұрғандар үшін бюджет есебінен 3,2 мың пәтер тапсырылады. «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша «Шаңырақ» пилоттық

38,3 мың жұмыспен қамтылды. Оның ішінде тұрақты жұмысқа – 25 759 адам, уақытша жұмыс орындарына – 10 670 адам (қоғамдық жұмыстарға – 7986 адам, жастар практикасына – 1491 адам, әлеуметтік жұмыс орындарына – 1193 адам) жұмысқа орналастырылды. Бизнес ашу үшін 1 293 адамға гранттар берілді, 113 адамға микрокредиттер берілді, 1031 адам қысқа мерзімді оқуға жіберілді. Жұмысқа орналасқандардың 17,1 мыңы әлеуметтік осал топтарға жатады.

Халықтың әлеуметтік осал топтарының ішінен 17,1 мың адам жұмысқа орналастырылды, бұл аз қамтылғандар – 255 адам, 29 жасқа дейінгі жастар – 15 159 адам, мүгедектер – 1602 адам, балалар үйінің тәрбиеленушілері – 13 адам, қандас-тар – 5 адам, пробация есебінде тұрған адамдар – 27 адам, ұйымның таратылуына байланысты босатылғандар – 46 адам. Сондай-ақ, 15,8 мың жас жұмыспен қамтуға көмек алды. Бастапқы жұмыс тәжірибесін алу үшін жастарды қолдау мақсатында ағымдағы жылы Жастар практикасы бойынша төлемді жергілікті бюджеттен 25

руге міндетті. Барлық әлеуметтік объектілер «қадамдық қолжетімділікте» болуға тиіс. Осы талаптарды сақтаған кезде халықтың тығыздығы 20%-дан аспауы мүмкін. Сонымен қатар, әрбір құрылыс салушыға жақын маңдағы үйлердің тұрғындарымен жобаға қоғамдық талқылау жүргізу ұйғарылады, олардың мүдделері құрылысқа тікелей әсер етеді.

Салынған нысандарға келетін болсақ, бұл жағдайда заңның кері күші болмайды. Қала тұрғындарының көптеген өтініштері бойынша бірқатар нысандарда құрылыс тоқтатылды. Құрылыс салушыларға жобаларды ереже талаптарына сәйкес келтіру ұсынылды. Құрылыс осы шарт орындалған жағдайда ғана жалғасатын болады. Әкімдік әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде болашақ жаңа қоныстанушыларды балабақшалармен, мектептермен және медициналық мекемелермен қамтамасыз ету мақсатында құрылыс салушылармен белсенді жұмыс жүргізуде. Бұл жоспарлы және ауқымды жұмыс Алматыдағы қала құрылысы саласын жетілдіруге және жақсартуға, әрбір алматылықтың

мерзім ішінде мұнда «бір терезе» қағидаты бойынша барлық әлеуметтік қызметтерді алушылар үшін қолайлы жағдайлар жасалған. Маусым айында ашылған сәттен бастап мұнда 39 мыңнан астам қызмет көрсетілді. Бұдан басқа, белгілі тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған 143 төсек-орынды орталықтың құрылысы басталды, 2022 жылдың соңында пайдалануға беріледі. Сондай-ақ, аутизм және басқа да психикалық ауытқулары бар балаларға арналған орталық ашу жоспарлануда.

ТУРИЗМДІ ДАМУҒА 84 МЛРД. ТЕНГЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАНДЫ

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың айтуынша, ағымдағы жылы 628 нөмірлі 3 қонақүй салынды. Оларға 54,3 млрд. теңге инвестиция салынды. Бұдан басқа, тау туризмінің қауіпсіз инфрақұрылымын абаттандыру және құру жүргізілуде. Алматы тауларындағы Тұйық су шатқалында тікұшақ алаңының құрылысы жүргізілуде, тау бағыттарының шалғай тораптық учаскелерінде спутниктік

АГЛОМЕРАЦИЯСЫ

ЖҰМЫСТАРЫ ЖОҒАРЫ ҚАРҚЫНМЕН ЖҮРГІЗІЛУДЕ

жобасы іске қосылды. Бұл биыл 800-ден астам алматылықтарды тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

ТҮРҒЫНДАРДЫ СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ 100 ПАЙЫЗҒА ЖАҚЫНДАДЫ

«Жаңа Алматыны» дамытудың кешенді жоспарының іс-шараларын іске асыруды жыл сайын қаржыландыру шамамен 200 млрд. теңгені құрайды. Бүгінде жоспар аясында қаланы дамытудың полиорталықты моделін ескере отырып, қала шетіндегі көлік, бизнес және әлеуметтік инфрақұрылымды жақсарту бойынша 286 жоба іске асырылуда. Халықты ауызсумен қамтамасыз ету басты міндет болып табылады. Су құбыры желілерінің құрылысы жалғасуда және бүгінгі күні Алматы тұрғындарының 98,5%-ы орталық сумен жабдықталған. Қалаға қосылған аумақтардағы су тапшылығы мәселесін шешу үшін келесі жылдың сәуір айында Қарғалы өзеніндегі су жинау құрылысы аяқталады.

2022 жылы Ақсай өзені мен «Ерменсай» шағынауданында осындай құрылыстар басталады. 2025 жылдың соңына қарай Алматы тұрғындарын ауызсумен қамтамасыз ету 100%-ды құрайды. Қала өмірінде газ инфрақұрылымы маңызды рөл атқарады. Қазіргі кезде Алматыда үйлердің 99,2%-ы газбен жабдықталған. Сот арқылы иесіз инженерлік желілерді анықтау және тану жұмыстары жалғасуда. Сот шешімдерінен кейін желілер коммуналдық меншікке қабылданып, кейіннен жаңғыртылады. Бүгінгі таңда жалпы ұзындығы 168,2 шақырым болатын 246 инженерлік инфрақұрылым нысаны анықталып, иесіз деп танылды. Бұдан басқа, ағымдағы жылы әкімдіктің қаулыларымен 2019 жылға дейін анықталған объектілер коммуналдық меншікке қабылданды. Оның ішінде 96,6 шақырым сумен жабдықтау желілері, 42,7 шақырым су бұру желілері бар.

ШАҒАРДА 55 МЫҢ ЖАҢА ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛДЫ

Мегаполисте жыл басынан бері 55 мыңға жуық жұмыс орны ашылды. Жұмыссыздық деңгейі 5,1% құрайды. Үшінші тоқсанда орташа айлық жалақы 20%-ға өсіп, 283,7 мың теңгені құрады. Жастарды қолдау және олардың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу мақсатында «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бойынша бүгінде 1,4 мың жас жұмысқа орналастырылды. Сонымен қатар, «Еңбек» бағдарламасы бойынша жұмысқа орналастыру шараларымен



АЕК-тен 35 АЕК-ке дейін немесе 102 мың теңгеге дейін ұлғайту туралы шешім қабылданды. Жастардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған «бірінші жұмыс орны» жобасы бойынша оларға қажетті еңбек дағдыларын үсыну және бірінші жұмыс орнына бейімдеу үшін 217 адам жұмысқа орналастырылды.

ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ ЖАҢА ЕРЕЖЕЛЕР БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Салынып жатқан нысандар ережелерге қатаң сәйкес келуі және Алматы орталығының архитектуралық келбетін бұзбауы тиіс. Бұл ретте орталықтағы құрылыс тығыздығы гектарына 300 адамнан аспауы тиіс. Бұдан басқа, Ережеде үй аумағының метрі әр тұрғынға кем дегенде 10 шаршы метр болуы керек делінген. Бұл шаршы метрлерге жасыл кеңістіктер де кіреді. Бұл талап тек орталықта ғана емес, барлық жаңа құрылыстарға қатысты. «Алматы – шетсіз қала» тұжырымдамасына сәйкес қаланың барлық аудандарында тығыздығы гектарына 440 адамнан аспауы тиіс. Сондай-ақ, Ережеде әлеуметтік инфрақұрылымға ерекше назар аударылған. Құрылыс салушы жобаны әзірлеу кезінде құрылыс аумағының мектепке дейінгі балалар мекемелерімен қамтамасыз етілуін; жалпы білім беретін (мың адамға кемінде 180 орын) және медициналық мекемелер мен учаскелік полиция пунктін болуын еске-



өмірі үшін қаланы неғұрлым жайлы етуге мүмкіндік береді.

МЕКТЕПТЕРДІҢ 80%-ЫНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУГЕ БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН

Мегаполисте мектептердің 80%-ы инклюзивті білім беру үшін ойдағыдай қамтамасыз етілген. Оларда ерекше қажеттіліктері бар 4 мыңнан астам бала оқиды. Сонымен қатар, жан басына қаржыландыру жүйесі арқылы 40 мың бала үшін балаларды тегін спорт секцияларымен қамтамасыз ету үшін 1,5 млрд. теңге бағытталды. Бүгінде Алматыда 33 мыңнан астам бала спорттың 37 түрі бойынша үйірмелерге тегін қатысады. Сондай-ақ, ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған секциялар қарастырылған. 36 шығармашылық үйірме жұмыс істейді, оған 15 мың бала қатысады. Алматыда ерекше қажеттіліктері бар 53 мыңнан астам адам тұрады.

Биыл 24,7 мың мүгедек адам 4,9 млрд. теңгеге оңалту құралдарымен және әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз етілді. Бүгінгі күні жерүсті және жерасты жаяу жүргіншілер өткелдерінің 56%-ы арбалары бар мүгедектер үшін қолжетімді қолда бар 140-тың 79 бірлігі, 55 жерүсті жаяу жүргіншілер көтергіш платформалармен, ал 67 жерасты жаяу жүргіншілер 38-көтергіш механизмдермен немесе пандустық кіреберістермен жабдықталған. Тәуелсіздік мерейтойы жылы қалада Әлеуметтік қызмет көрсету үйі ашылды. Қысқа

байланыс пен SOS дабыл түймелері бар 15 тау лашықтары орнатылды. 2 арнайы бақылау-құтқару пункті дайындалды, олар таулы жерлерде 16 адамнан тұратын құтқарушылардың тәулік бойы кезекшілігін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, «Кимасар» шатқалында дабыл түймелерін бақылау жүйесінің пилоттық жобасы іске қосылды. Бүгінгі таңда таулы жерлерде 1000 шақырымнан астам жаяу жүру бағыттары цифрландырылды, олардың 500 шақырымы абаттандырылды. Олардың барлығы 2GIS және ViewRanger платформаларында қолжетімді. Бұл бағыттарда QR кодтары бар стендтерді қоса алғанда, барлық қажетті ақпараттық деректер орнатылған, онда туристер бағыттардың күрделілігімен, оның ұзақтығымен және жүру уақытымен таныса алады. Бұдан басқа, Үлкен және Кіші Алматы шатқалдарында ағымдағы жылдың соңына дейін жалпы ұзындығы 179 шақырым болатын тау бағыттарын абаттандыруды аяқтау жоспарлануда, сондай-ақ «Горельник», «Просвешенец», «Қызылсай», «Казачка» және «Лунная» алаңында 6 кемпинг аймағын құру бойынша жұмыс жүргізілуде. 2020 жылы туризм индустриясы коронавирустық пандемиядан зардап шеккен экономика салаларының бірі болды. Дегенмен, ішкі туристер саны 422 мың адамды құрады. 2021 жылдың екінші тоқсанының қорытындысы бойынша Алматыдағы туристердің жалпы саны 501,4 мыңнан астам адамды құрады, оның ішінде шетелдік туристер – 54,2 мың, ішкі туристер – 447,2 мыңнан астам.

ТҮЙІН

Баспасөз конференциясын қорытындылай келе, Бақытжан Сағынтаев коронавирус кезеңінің барлық қиындығына қарамастан, қалада тұрақты әлеуметтік-экономикалық жағдай қамтамасыз етілетінін мәлімдеді. Әлеуметтік саясат, ең алдымен, халықтың осал топтарын қолдауға бағытталған. Сондай-ақ, ол қала билігі экология, көлік, қала құрылысы мәселелерін шешуге және қаланың сәулеттік келбетін жақсартуға бел бұғанын атап өтті. Осы мәселелерді шешуде әрдайым қала тұрғындарының пікірі ескерілетіндігін атап өтті.

Әзірлеген Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.



Мемлекеттік маңызы жоғары

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Тәуелсіздік тағылымы» мақаласы жарық көрді. Елбасымыз мақалада Қазақстанның ел болуына кедергі болған, осыған дейін айтылмай келген жайттарды жазған екен.

Қазақ халқы заманның әр кезеңінде сан түрлі тар жол, тайғақ кешулерден өтті. Соғысты да, аштықты да көрдік. Соның барлығын еңсеріп, тарих төсінде Қазақстан деген тәуелсіз елді орнықтыру бізге оңай болған жоқ. Ата-бабаларымыздың қанымен, азаттықты аңсаған халықтың зарымен келген Тәуелсіздік – басты құндылығымыз. Елбасымыз да әр сөзінде Тәуелсіздіктің қадірін баса айтып отыр. Бұл мақала үлкен кітапқа арқау болатын оқиғаларға толы. 30 жылда жүріп өткен жолымыз бір мақалаға сыймас анық. 90 жылдардағы аумалы-төкпелі кезең, халықтың алаңдаулы көңіл күйі, бұлыңғыр болашақ, Елбасы атап өткендей, халықтың 40 пайызы ғана қазақ ұлтынан құралып, тіліміз байлаулы, экономикамыз мүшкіл уақытты да жүріп өтті.

Бүгінгі күні Аллаға сансыз шүкір, қазақтың таңы баянды, заманымыз тыныш, сан ұлт бір шаңырақ астында тату қоғамда өмір сүрудеміз. Бұл – Тәуелсіздіктің жетістігі. Елбасының мақаласында үлкен тарих, тағылымды ойлар мен болашаққа үндеу жатыр. Мақаланың мемлекеттік маңызы жоғары. Сондықтан әрқайсымыз оқуымыз керек.

Өткеннен тағылым алып, кемел болашаққа еркін қадам басып келеміз. Елбасының сөзімен айтсам: «Тәуелсіздік те бақыт сияқты, бағалаған адамның, аялаған қоғамның қолына тұрақтайды. Халқы тату, экономикасы қуатты, саяси жүйесі тұрақты, мәртебесі биік, абыройы асқақ Қазақстанның болашағы кешегіден кемел, бүгінгіден нұрлы екендігіне кәміл сенемін».

Қарагөз СҮЛЕЙМЕНОВА,
Nur Otan партиясы
Алматы қалалық филиалы
жанындағы «Мирас» қоғамдық
кеңесінің төрайымы.

Ханкелді ӘБЖАНОВ,
ҰҒА академигі

Біздің Ұлы даламызда ұлттық мемлекетіміз – Қазақ хандығы шаңырақ көтергенше 20-дан астам елдер мен ұлыстар ғұмыр кешкен екен. Кейбіреулері қысқа мерзім ғана өмір сүріп, артында тарыдай мұра қалдыра алмаса, сақтар, ғұндар, байырғы түркілер, Алтын Орда тәрізді алпауыт саяси-этникалық құрылымдар әлем тарихында мәңгі өшпейтін шежірелерін түзді.

Қазақ халқы – осылардың тікелей мұрагері әрі өз орнында отырған шырақшысы. Керей мен Жәнібек хандар шаңырағын тіктеген мемлекет қай күні, қай айда дүниеге келгенін біз білмейміз. Білетініміз – сол бір Ұлы күнге жеткенше бабаларымыз құрыш-тай шыңдалды, дүниенің төрт бұрышымен араласты, ықпалдасты, жасампаздық әлеуеті мен бәсекелік қабілетін арттырған үстіне арттыра түсті. Тарихтың қатал сынағына төтеп бергендерге ғана лайықты сыбаға бұйырады. Осынау қилы тағдырлар мен ғасырлардың мәнін Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаев «Тәуелсіздік тағылымы» мақаласында қысқа да нұсқа түйіндей алыпты. «Арғыда сақ, ғұн бабаларымыз, беріде қаһарман түрік аталарымыз аласапыран замандардағы алақұйын дауылдарға төтеп беріп, Ұлы далада ұлық ұлыс құрды», – делінген онда. – Талай жұрт алапат соғыстар мен айқастарда үдере көшіп, бордай тозып, тастай үгіліп, құмдай шайылып кеткен замандарда қазақтар түрік жұртының ата қонысын, қара шаңырағын сақтап қалды».

Және қандай ғасырларда десеңізші! Қазақ хандығы дүниеге келген XV ғасырдан от каруына қол жеткізген суропалықтар іргелес елдерді отарлағанды місе тұтпай, мұхиттың арғы жағындағыларды, Америка құрлығын бағындыруға кірісті. Оны тігісін жатқызып, «Ұлы географиялық жаңалықтар» дейтіні бар. Соның ең үлкені 1492 жылы Американы ашу еді. Бүгінде әлемді аузына қаратып отырған АҚШ отарлық қамытынан XVIII ғасырдың II жартысында ғана құтылды. Бұл – біреу білсе, біреу білмейтін ақиқат.

Демек, отарлау қиянаты барынша асқынған ғасырларда жүздеген әлсіз мемлекеттердей Қазақ хандығының біржолата жоғалып кетпегені – бабаларымыздың ұлы ерлігі. Мұнда ханның да, қараның да, батырдың да, бидің де үлесі бар. Тап осы 300 жылдықта ұлттық болмыс-бітіміміз – руханиятымыз, менталитетіміз, коддымыз толық қалыптасты. Тамырымыздың тереңге тартқаны сонша, оны патшалық отарлау да, кеңестік экспериенттер де үзе алмады. Мақалада дөп басып айтылғандай, «Дана бабаларымыз өзін ғана емес, адал ғұрпын, дархан көңілін, таза тілін, әсем әні мен қоныр күйін, мәйекті мәдениеті мен бай әдебиетін қоса сақтап, ұрпағына аманаттай білді. Тамырын да, тарихын да, күш-қуатын да Ұлы даладан алатын, көптеген этнос өкілдері татулық пен келісімде, береке-бірлікте бірге өмір сүріп жатқан дәл



Ұлы күн

осындай елдің ұлы мен қызы болу – әр қазақстандықтың маңдайына жазылған шексіз бақыт».

Шексіз бақытқа есік ашқан екінші ұлы күн – 1991 жылғы 16 желтоқсан. Соның алдында ғана еліміз кеңестік атауынан құтылған болатын. Енді, міне, тәуелсіз жас мемлекет Қазақстан Республикасы дүниеге келді. Жүрегі, санасы, қаны қазақ жанның бөрікті аспанға атпағаны жоқ.

Содан бері 30 жыл өте шықса да, қуаныштың екпіні әлі басылған жоқ. Азаттыққа мейіріміз қанатын емес. «Қорыққан мен қуанған бірдей» деген ғой дана халқымыз. Шынымен де, қуаныштан бірденені бүлдіріп алуымыз бек мүмкін еді. Мәселен, Желтоқсан–86-да көрген қорлық пен қиянаттың ессін қайтарамыз деумен арандап қалуымыз оп-оңай еді. Құдайға шүкір, Ұлы даланың ұлы перзенттері шалалықтың «солшыл» ауруына ұрынған жоқ. Қайта көпұлтты, көпдінді халықты мемлекетқұраушы қазақ халқының төңірегіне топтастыра білді.

30 жылдық тарихы бар Тәуелсіздік ұлан-ғайыр табыстармен көмкерілді. Ол «Қазақстан жолы» атауымен жаһанға мәшһүр. Жасампаздық пен табыстың бірсыпырасын Елбасымыз қадап-қадап көрсеткен екен.

«Шексіз бақыт» құшағында өмір сүріп жатқанымыз күмән-күдіксіз ақиқат. Тарихшы ретінде соның бастау-бұлағы қайда деген сұрақтың жауабын іздегенде тапқаным мыналар болды: Біріншіден, ел ішінде, азаматтарымыздың қарым-қатынастарында орныққан татулық пен тыныштық, өзара ынтымақ пен сенім. Бұларсыз бір қадам ілгері баса алмас едік. Кеше ғана ішкені алдында, ішпегені артында деген республикалар, аймақтар сырттан жау келмей-ақ қырық пышақ болып қырықсумен жүдегені, титықтағаны көз алдымызда.

Екіншіден, еліміздің ішкі және сыртқы саясатының айна-қатесіз дұрыс анықталға-

ны. Бұл орайда Президенттік билік институты енгізілуінің, 1995 жылы қабылданған екінші Конституцияның маңызы орасан зор. Қазақ елі өз тағдырын бүкіл халық сайлаған Президентіне сеніп тапсырды. Президент «Қазақстан–2030», «Қазақстан–2050», «Ұлт жоспары», жаңа Астана, «Еуропаға жол», ЭКСПО–2017 сынды тамаша жобаларымен тәуелсіздіктің жасампаз әлеуетін ашты. Халық та ұлт көшбасшысын төбеге көтерді.

Үшіншіден, тарихтағы тұлғаның рөлі жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан жағдайында толық ашылғаны. Тәуелсіздіктен тура 5 жыл бұрын Кремль көсемдері Қазақстанда Д.Қонаевтың орнын басатын қазақ жоқтай өңкіген өнерсіз Колбин деген біреуді бірінші басшы орынғағына қонжытып, оңбай қателескен еді. Іле-шала Желтоқсан көтерілісі бүрк етті. Арты Кеңестер Одағының ыдырауына ұласты. Социализмнің астан-кестені шығып жатқанда шапшасына шаң жұқтырмаған тұлпар тұлға Н.Назарбаев екенін алдымен КСРО мойындады, сонан соң әлем таныды. Жас мемлекетті өрге сүйреу батыл шешімдерді, болашақты дәлме-дәл болжауды, сенімді серіктерін табуды, жаһанданудың жалынан ұстауды, шалқайғанға шалқауды, еңкейгенге еңкеюді талап етті. Ұлт көшбасшысы уақыт артқан міндет пен жүкті мінсіз атқарып, діндеген межесіне жеткізді. Бұл – әркімнің маңдайына жазыла бермейтін бақыт. Шексіз бақыт.

Өмір жалғасуда. Еліміздің алдында бұрынғыдан да биік әрі жауапты белестер тұр. Тарих көші тоқтамауы керек. Сынақтан сүрінбей өту үшін қандай шарттарды орындау міндетті екенін 23 қараша күні Nur Otan партиясы саяси кеңесінің кеңейтілген отырысындағы сөзінде Елбасымыз егжей-тегжейлі айтып берді. Бүгінде олар «Елдіктің жеті тұғыры» атауымен жүзеге асырылуда.

Отандастарымызды алда Ұлы күн күтіп тұр.

Өскелең ұрпақ үшін өнеге

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Тәуелсіздік тағылымы» атты мақаласы жарыққа шықты. Аталмыш мақаламен мен де танысып, мұқият оқып шықтым.

Елбасы Тәуелсіздіктің мәні мен маңызын, халқымыздың жүріп өткен күрделі жолын, қоғамымыздың қалыптасуы мен экономиканың жаңа арнаға бет бұруын, халықаралық саясаттағы орнымыз жайлы кеңінен тарқатып айтты.

Тәуелсіздік жылдарында жеткен айтулы жетістіктеріміздің бірлескен ортақ еңбекпен, ұлыстар арасындағы ауызбірлікпен және әр қазақстандықтың үлесімен жүзеге асқанына да тоқталды.

Нұрсұлтан Әбішұлы қабылданған күрделі шешімдерді, орын алған стратегиялық сұрақтардың жылдам және салмақты тұжырыммен қабылданғаны, оған өзінің қосқан үлесі және тәуелсіздік жылдарында ел үшін атқарған айтулы еңбектері, батыл әрі оң қадамдары туралы жан-жақты мәлімдеді. Осымен қатар, Елбасы өзінің көпшілік алдында сөйлеген сөзінде кейбір мәселелердің астарында үлкен саясат жатқанын айқын аңғарып, оған қатысты ойын ашық жеткізіп, батыл қадамдар жасағанын да айтып өтті. Бұл өз кезегінде еліміздің



дербес мемлекет болып қалыптасуында маңызды рөлге ие екендігі анық.

Бірақ Елбасы ел егемендігіне, туған халқының өміріне қатысты барлық түйінді мәселелерді тек өз ықпалымен ғана тарқаттым деп масаттанған жоқ. Ол ең әуелі тарихты тереңінен қозғап, тәуелсіздік жолында біздің ата-бабаларымыздың еңбегі ерен, рөлі басым екенін ерекше атап өтті. Бұл бірінші кезекте Елбасының көргендігін аңғартады. Екіншіден, оның осындай өмір жолы өскелең ұрпақ үшін өнеге екенін ұғынуымыз қажет.

Елбасының бастаған саликалы саясаты бүгінде жалғасын тауып, Қазақстан таңдаған жолын жүйелі түрде жалғастырып келеді.

Сондықтан «Тәуелсіздік тағылымы» мақаласы өскелең ұрпақты білімге, парасаттылыққа, батылдыққа, тарихымызды біліп, өткеннен сабақ алуға және кемел келешегімізге нық қадам басуға шақыратын маңызды мақала деп білемін.

Болат САДЫҚОВ,
Алматы қалалық мәслихатындағы Nur Otan депутаттық
фракциясының мүшесі.

«ВЕЧЕРНИЙ АЛМАТЫ» – 85

БАҚ арасында турнир өтеді



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Алматыда 11 желтоқсан күні БАҚ қызметкерлері арасында «Вечерний Almaty» газетінің 85 жылдығына орай Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған бильярд турнирі өтеді.

Шығармашылық кәсіптің өкілдері қалам мен микрофонды бильярд таяқшасына, ал ақпараттың дәлдігін ойын шарларының дәл түсу дәлдігіне алмастыратын болады. Аталған турнир – ағымдағы жыл соңында орын алатын ерекше оқиғалардың бірі. Дода «Alatau Aqparat» ЖШС – «Вечерний Almaty» және «Almaty aqshamy» газеттерінің ұйымдастыруымен жүзеге асады. Турнирдің бас демеушісі – «Қазақстанның құрылыс саласының одағы» ЗТБ.

Жарыста қалалық және республикалық газеттердің, телевизиялық арналардың және ақпараттық порталдардың өкілдері бақ сынаиды. Турнир халықаралық пирамида комитетінің қолданыстағы ережелеріне сәйкес «еркін пирамида» немесе «американдық» ойын бо-

йынша өткізіледі. Турнир ойындарын тікелей өткізу Қазақстан Республикасы бильярд спорты федерациясының төрешілер алқасына жүктеледі.

Қаладағы ең байырғы басылымдардың бірі «Вечерний Almaty» тек уақытпен қатар қадам басып қана қоймай, мегаполистің өзіндік символы болып қалыптасты. 1936 жылы жарық көрген бірінші нөмірден бастап осы күнге дейін халық газеті қалалық оқиғаларды жариялауға белсенді қатысып қана қоймай, мегаполистің өміріне де ерекше үлес қосуда.

Атап айтқанда, ағаш отырғызу, жалпықалалық сенбіліктерге қатысу, Медеуде «денсаулық баспалдақтары» бойынша спорттық жүгірістерді ұйымдастыру және қала тұрғындары мен түрлі басылымдардағы әріптестерді біріктіретін басқа да іс-шаралар. БАҚ қызметкерлері арасындағы бильярд бойынша биылғы турнир осының тағы бір дәлелі болмақ.

Іс-шара жеңімпаздарын бірегей кубоктар мен бағалы сыйлықтар күтеді. Сондай-ақ, әріптестерімізге ынталандыру сыйлықтары табыс-талады.



ЖАҢА ШТАММ

«ОМИКРОН» қаншалықты қауіпті?



• Ұлыбританиялық дәрігер Дэвид Ллойд «омикрон» штаммын жұқтырған балаларда пайда болуы мүмкін ерекше симптомдарды атады.

Ересектер мен балалардағы ауру белгілерінің айырмашылығы бар екенін де айтып отыр. Оның айтуынша, осыған дейін COVID-19-бен ауыратын науқастардың кейбіреулерінде ғана бөртпелер пайда болған, ал «омикронмен» ауыратын балалардың 15%-да әдеттен тыс бөртпе көрініс табады.

«Бұл нұсқа «дельта» сияқты өлімге әкелмейді және біз оны жеңе аламыз деп үміттенемін. Бірақ барлығын уақыт көрсетеді», – дейді маман.

Бұған дейін Ұлыбританияның бас санитария дәрігері Крис Уитти мен Оксфорд университетінің профессоры Джон Белл коронавирустың жаңа штаммының аса қауіпті екеніне күмән келтірген болатын.

• Ал Израиль Денсаулық сақтау министрлігінің мамандары, соңғы мәліметтер бойынша, «омикрон» штаммын жұқтырғандар, егер олар екпе салдырған болса, ауруды жеңіл өткереді деп мәлімдеді.

• Гонконг университеті медицина факультетінің мамандары болса, электронды микроскоптың көмегімен түсірілген «омикрон» штаммының суретін жариялады. Олар SARS-CoV-2 «омикрон» штаммын жұқтырған маймылдан бүйрек Vero E6 жасушасының электронды микросуретін түсірген.

Зерттеушілер суретті жақындатып қарағанда кішкентай қара вирустық бөлшектерден тұратын ісінген көпіршіктері бар жасушалардың зақымданғанын көрсетті. Фотосуретте бетінде тәж тәрізді ұштары бар вирустық бөлшектердің агрегаттары бейнеленген.

Ұлыбританиялық вирусологтардың пікірінше, жаңа штамм көптеген мутацияға ұшырауына байланысты адамға өте қауіпті. Лондондық Импер колледжінің өкілі Том Пикоктың айтуынша, басында B.1.1.529 деп аталған штамм «қорқынышты» 32 мутацияны біріктірген, соның комбинациясынан кейін бұл штамм адамға көбірек тарайды. Оған вакцина да қауқарсыз. Бұл нұсқа антиденеден «айналып өте» алады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

COVID-19

Пандемияға ұласпағаны керек

ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей ЦОЙ БАҚ өкілдерінің сауалдарына жауап бере отырып, бірнеше мәселені тарқатты

– Өзірге жаңа «омикрон» штаммы толық зерттеліп біткен жоқ. Ең бастысы, бұл штаммның соңы пандемияға ұласпағаны керек. Яғни ел ішінде таралмауын қадағалау, бақылау маңызды. Біз ай сайын шет елден келген, әсіресе, талдау қорытындысы сырқат бар екенін көрсеткен азаматтардан сынама-лар алып отырмыз. Тиісінше, халықаралық мәліметтер базасы арқылы бұл сынамалардың вирус штаммының қайсысына жататыны тексеріледі. Сондықтан жақын арада біз нақты қорытынды аламыз, соның негізінде бәрі түсінікті болады. Вирустың бұл штаммы Қазақстанға келген күннің өзінде оның табиғатын, таралу тәсілін түсіну маңызды.

– Біз Жаңа жыл мерекесін тойлау отбасы аясында ғана өтуі керек деген кеңес береміз. Жаңа жыл ежелден отбасылық мереке саналады. Сондықтан әрине, Жаңа жыл кештерінің ауқымын шектеген дұрыс. Өйткені, вирус ешқайда кеткен жоқ.



Өкінішке қарай, вирус таралуын тоқтатқан жоқ. Ауру және өлім жағдайлары әлі де тіркеліп жатыр. Сондықтан өзімізді қорғау үшін мерекені отбасы аясында тойлауымыз керек.

Корпоративтерді де, ауқымды мерекелік іс-шараларды да шектеген жөн. Оның өз

талаптары бар. Тіпті, бас қосқан күннің өзінде тар ауқымда өтуі керек. Қазір тіпті мектептердің жабылып жатқанын көріп-біліп отырсыздар. Соның бәрін болдырмаудың жалғыз жолы – вакциналау.

– Біз Pfizer компаниясымен ақылы вакциналау мүмкіндігі туралы келісіп жатырмыз. Қажеттілікті анықтау үшін тізімдер жиналуда. Қазір Алматыдағы емханалар халықтың сұранысын зерттеп жатыр. Вакцинаның жарамдылық мерзімі бар екенін түсіну керек. Бұл вакцинаны қанша азамат алғысы келетінін анықтап алу маңызды. Нұр-Сұлтан қаласында да осындай жұмыс жүріп жатыр. Қазір барлық жерде, өңірлердің бәрінде осы іс жолға қойылған. Нақты қанша доза қажет, қанша азамат ақылы негізде вакцина алғысы келеді? Осыны анықтағаннан кейін ғана нақты қанша вакцина жеткізу керектігі анық болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

Балалар арасында көп тіркелуде



АВСТРАЛИЯ парламенті қызметкерлерінің бірінен COVID-19 індеті анықталғандықтан жабылды. Дегенмен, онлайн, яғни қашықтан жұмыс істеуге мүмкіндігі жоқтарына ғимаратқа кіруге рұқсат етілген.

ЕГИПЕТ жерінде енді вакцина салдырмағандар мемлекеттік мекемелерге мүлдем кіре алмайды. Сондай-ақ, қаржы институттары да індетке қарсы іс-шараларды күшейткен. Кәсіпкерлер QR код пен ПТР-тест болмаса ешқайда аттап баса алмайды.

Ал бизнес өкілдері «шығынға баттық» деп атоялағанымен, билік желтоқсан шектеуі енгізілмес бұрын бәріне ескертіліп, екпе салдыруға талай уақыт берілгенін алға тартып отыр.

РЕСЕЙ еліне де «омикрон» келіп жетті. Әлемді аз уақыт ішінде-ақ әбігерге салып қойған бұл жаңа штамм Оңтүстік Африкадан келген екі азаматтан анықталған көрінеді. Олармен бір ұшақта ұшып келген тағы 10 жолаушының ағзасынан коронавирус табылған.

НЬЮ-ЙОРК жеріндегі жекеменшік компаниялардың қызметкерлері ковидке қарсы вакцина салдыруға міндеттелді. Жаңа шешімге сай қаладағы компаниялардың қызметкерлері желтоқсан соңына дейін екпенің бір дозасын салдыруы керек. Жергілікті билік бұл қадамға жаңа жыл алдында індеттің өршуін болдырмау үшін барып отыр.

ФРАНЦИЯ дәрігерлері 5 жасқа толған кішкентай тұрғындарына ковидке қарсы вакцина салып жатыр. Елде күн сайын вирус жұқтырғандар саны 50 мың адамнан асып жығылуда. Ал 25 тұрғыннан «омикрон» шыққан.

Індет, әсіресе, балалар арасында жиі тіркелуде. Сондықтан жергілікті Қауіпсіздік кеңесі жаңа жыл алдында би алаңдарын жауып, вакциналау пункттерін қайта ашуға кіріскен. Бірақ екпе алу міндетті емес. Дегенмен, франциялық ғалымдар иммунитеті әлсіреген балаларды егуге кеңес беріп отыр.

ЧИЛИ дәрігерлері 3–5 жас аралығындағы балаларға вакцина салуды бастап кетті. Елдің ең кішкентай тұрғындарына қытайлық «CoronaVac» препараты егіледі. Вакцина ең алдымен созылмалы кеселі бар балаларға салынады. Бас-аяғы 600 мың баланы қамту көзделуде.

Тақырыпқа орай айта кетсек, 9 млн.-ға жуық тұрғыны бар Нью-Йоркте 4 млн.-дай адам жекеменшік секторда жұмыс істейді.

Әзірлеген
Нұр ЖАМАЛ.

КЕРЕК КЕҢЕС

Өз бетіңізше емделмеңіз

Тұмау өршітін маусымда кейбір адамдар ертерек жазыламын деп үйде ем-дом жасап қателеседі. Негізінде жедел таралып, тез жұғатын вирустың одан әрі өршіп, өзге ауруларды қоздырмауы үшін дәрігерлер өздігімен емделуден сақ болуға шақырады.

• Тұмау сезіле бастағаннан бөлмені жиі желдетіп тұрған дұрыс. Сонда сырқат адамның тынысы кеңиді, таза ауа тұмау вирусын сыртқа шығарады.

• Жөтел басталса дәрі ішуге асықпаңыз. Алдымен жөтелдің құрғақ не ылғалды екенін анықтап алған жөн. Кейде жөтел көмейдің тітіркенуінен болады. Адам қақырық салдарынан жөтелуі де мүмкін. Сондықтан жөтел пайда болса дәріні тек дәрігер кеңесімен қолданған дұрыс.

• Біреулер суық тию, тұмау белгісі байқалғаннан антибиотик қабылдауға асығады. Ал антибиотиктер тұмауды

толық емдемейді. Керісінше, антибиотикті бақылаусыз қабылдау салдарынан тұмау өршіп, нәтижесінде адам гайморит, құлақтың қабынуы, пневмония, менингит ауруларын өршітіп алуы мүмкін.

Сондай-ақ, антибиотиктер ішек микрофлорасын бұзып, ондағы ағзаға қажетті бактерияларды жойып жіберуі мүмкін. Оның салдарынан иммунитет әлсіреп, ауру өрши түседі.

• Тұмау кезінде мұрын бітіп, одан су ақса танауға пияз шырынын, өсімдік майын тамызатындар да бар. Мамандардың айтуынша, бұл да дұрыс емес. Себебі, ол жұтқыншақтың шырышты қабатын күйдіреді. Сондықтан дәрігермен кеңесе отырып тамырды тарылтатын дәрі және залалсыздандыратын спрей алған дұрыс.

• Дене қызуы көтерілгенде дәріден гөрі спиртпен, сірке суы қосылған сумен сүрту арқылы қызуды түсірген дұрыс деген пікірлер жиі айтылады. Ал дәрігерлердің айтуынша, спирт пен сірке суы терідегі тесіктер арқылы ағзаға түсіп, онсыз да вирус алдында әлсіреп тұрған ағзаны одан әрі уландырады. Мұндайда тамырлар тарылып, науқастың тыныс алуы ауырлауы ықтимал.

Әзірлеген
Айнұр НҮРСАБЕТ.

ШИПАГЕР

Көрер жарығы бар екен

Алматылық дәрігерлер денесінің 40%-ын күйік шалған ер адамды аман алып қалды. Жазатайым оқиға биылғы қыркүйекте болған.

Көлігінің жанармай сүзгісін өз бетінше ауыстырып жатқан ер кісінің үстіне бензин төгіліп кетіп, өрт шыққан.

«Науқас ауыр халде түсті. Алғашқы медициналық көмек көрсетілгеннен кейін клиникалық-зертханалық және аспаптық, мультидисциплинарлық тексерулер жүргізілгеннен кейін оң білектің, алдыңғы іш қабырғасының, аяқ-қолының, бөксенің термиялық күйігі s=40% I-II-IIIa-IIIb дәрежесі диагнозы қойылды. Септикококсемия сатысындағы күйік ауруы. Дене бетінің 40% термиялық күйігі. Қажетті медициналық көмек көрсетілді», – дейді емдеуші дәрігер Диас Дәулетбаев.

«70 күн бойы біздің жетекші комбустиологтар мен реаниматологтар осы пациентті емдеумен айналысты. Жоғары білікті мамандар мен заманауи жабдықтар терең күйіктерді ерте хирургиялық емдеу технологиясын белсенді қолдануға мүмкіндік береді. Ауқымды күйік жаралары бар пациенттерге арналған «Redactron» аэротерапиялық флюидизациялайтын, күйікке қарсы керуелтер деп аталатын қондырғылары іске қосылды. Бұл орташа көрсеткіштермен салыстырғанда емдеу мерзімін 2 есе қысқартуға мүмкіндік береді», – дейді №4 қалалық клиникалық аурухананың бас дәрігері Сағи Бейсенбеков.

Нұр ЖАМАЛ.



ҚЫСТЫҢ ДА ӨЗ ҚИЫНДЫҒЫ БАР

Коммуналдық қызмет мамандарының айтуынша, бүгінгі таңда қаладағы жылу көздерінің, газ желілерінің, қазандықтардың дайындығы – 100%



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Синоптиктердің болжамына сүйенсек, Алматыда бұл аптада күн аса қатты суық болмайды. Тек аптаның соңына қарай ауа температурасы төмендейтін көрінеді. Десек те, биылғы қысқа әзірліктің жайы қалай? Шаһардың маусымға дайындық мәселелерінде не өзгеріс бар? Осы сауалдарға жауап табу үшін біз мегаполистегі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі қызметтерінің жұмыстарына шолу жасадық.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ

Алматы қысқа дайын ба?

Жалпы, қай өңірде болмасын, қысқа дайындық шаралары, ең алдымен, үйдегі жылудан басталады. Одан кейін қардан тазалау жұмыстары секілді ағымдағы жұмыстармен жалғасады. Дейтұрғанмен, қыс мезгілінің де өзіне тән қызықтарымен қатар, қиын һәм қауіпті тұстары бар.

Егер жылуың жеткіліксіз болса, үйіңде береке болмайды. Бұл сөзімізді «Берекең кетсе, от жақ» деген бабалар сөзі тағы растай түседі. Осыны ескерген қала билігі биыл алматылықтарға жылу маусымын мерзімінен ерте бергізді. Мегаполис әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасына

сәйкес Алматыда жылу жүйесіне, ең алдымен, денсаулық сақтау, білім ғимараттары мен басқа да әлеуметтік объектілер қосылды. Одан кейін көппәтерлі тұрғын үйлерге, содан соң жылу энергиясының басқа да тұтынушыларына берілді.

Коммуналдық қызмет мамандарының айтуынша, бүгінгі таңда қаладағы жылу көздерінің, газ желілерінің, қазандықтардың дайындығы – 100%. Яғни Алматыдағы тұрғын үй қорының 8257 объектісі, 443 білім және 91 денсаулық сақтау нысаны жылумен толық қамтамасыз етіліп отыр.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

КҮН СУЫТАДЫ

Gismeteo сайтында көрсетілгендей, 9 желтоқсанда таңертең қар жауып, күндіз ауа райы шамамен -3 градусқа дейін төмендейді. Ал түнде температура -9 градусқа дейін салқындауы мүмкін. Аптаның соңында, яғни 11-12 желтоқсанда, күн қайтадан жылынып, ауа температурасы күндіз +4 градусқа дейін көтеріледі. Келесі аптаның басынан бастап ауа райы қайтадан суыта бастайды. Сейсенбі, 14 желтоқсанда метеорологтар оңтүстік астанада қалың қар жауады, 15-16 желтоқсан күндері күндізгі ауа температурасы -6-7 градус, түнде -10-11 градус аяз күтіледі деп болжап отыр.

Пеш жағатын үйлер азайды



Қалаға кейіннен қосылған елдімекендерде әлі де қатты отынды пайдаланып, от жағатындар бар. Сондықтан шуақты күнгі салғырттықтың салдарын суықта ешкім тартпауы тиіс. Осы орайда, Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері жыл сайын жылыту маусымы басталғанға дейін жеке секторда тұратын әрбір отбасымен қауіпсіздік туралы профилактикалық әңгімелер жүргізеді. Олар әсіресе, халықтың әлеуметтік осал топтарына ерекше назар аударады. Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті басшысының орынбасары Самат Асаиновтың айтуынша, 2021-2022 жылдардағы жылу беру кезеңіне дайындық аясында Алматыдағы 148 346 жеке тұрғын үйге тексеру жүргізіп, нәтижесінде 354 үйдің жағдайы қанағаттанарлықсыз деп

танылған. Атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін олар туралы мәліметтер аудандық әкімдіктер мен Әлеуметтік әл-ауқат басқармасына беріліп отыр. Бұған қоса, қысқа дайындық барысында қалада «Көмек қол» акциясы өтіп, шара аясында халықтың әлеуметтік осал топтарына атаулы өрт-профилактикалық тұрғыда көмек көрсетілді. Яғни пештердің түтін мұржаларын тазалау, жарықтарды бітеу, түтін каналдары өтетін жерлердегі қабырғаларды ақтау, сондай-ақ, 28 улы газ датчигі орнатылған.

Төтеншеліктер жеке секторларды аралау барысында 1000-нан астам өрт қауіпсіздігі ережелерінің бұзылуын анықтаған. Осындай қауіпсіздік шараларын сақтамау салдарынан биыл Алматыда жылыту маусымында тұрғын үй секторында 549 өрт тіркелген. Бұл жалпы қалада орын алған барлық өрттің 60 пайызын құрайды. Мамандардың айтуынша, барлық өрттің себебі – өрт қауіпсіздігі тәртібін елемей және азаматтардың әлеуметтік жауапкершілігінің төмендігі, сондай-ақ, тұрғын үй қорының қатты тозуынан деп отыр. Дейтұрғанмен, Алматыда пешпен жылытылатын үйлер саны жылдағыдан азайып келеді. Бұл әлеуметтік жағдайдың жақсарып келе жатқанын көрсетеді. Бүгінде алматылықтардың 99 пайыздан астамы табиғи газбен қамтамасыз етілген. Ал келесі жылы бұл көрсеткіш 100 пайызға жетпек.



Сақадай сай

Табиғат кейде тосын мінез танытып, қарапайым халықпен бірге шаруашылық саласын да әбігерге салып жатады. Мәселен, толассыз жауған қардың салдарынан көшелер мен жаяу жүргіншілер жолдары ақ қар, көк мұзға айналып, көліктер қатынасында қолайсыздықтар туындап жататын жағдайлар барлық өңірде болып тұрады. Міне, осындай сәтте Алматының коммуналдық қызметі білек сыбана іске кіріседі. Өйткені, омбы қардан уақытылы тазалау да кезек күттірмейтін мәселе. Осы орайда, Алматы қалалық Тұрғын үй саясаты басқармасының өкілдері қарды тазалау бойынша өндірістік базалар мен мамандандырылған техникалардың қысқа дайындығын тексерген болатын.

Басқарма ұсынған дерекке сүйенсек, жолдарды тазалау үшін 1038 арнайы техниканы (оның ішінде «Алматы Тазалық» МКК-ның 690 техникасы бар) пайдалану жоспарланып отыр. Техниканы қысқы жұмыс

режиміне қайта жабдықтау ауа райы жағдайларына байланысты кезең-кезеңімен жүргізіледі. Егер қар қалың жауатын болса 150 қосымша техниканы (самосвалдар, тиегіштер) жалға алу үшін 18 құрылыс ұйымымен шарт жасалды. 30 мың тонна тұз және 60 мың тонна құм алынды. Көктайғаққа қарсы материалдар (барлығы 33 мың тонна тұз, 80 мың тонна құм) да бар. Барлық аудандарда қар үйінділеріне арналған жерлер анықталды. Бұл бағытта қазіргі кезде 1400 жол жұмысшысы жұмыс істеуге әзір. Қысқы кезеңге қосымша 1200-ге жуық жол жұмысшысын тарту жоспарда бар.

Демек, қаланың коммуналдық қызмет өкілдері қысқы маусымға тас түйін дайын отыр. Ендеше, Алматыны қардан тазарту жұмыстарында билік немесе коммуналдық шаруашылық қызметтері тарапынан қиындық туындай қоймайды. Қысқасы, коммуналдық мекемелердің дайындығын алдағы қыс мезгілі айқындап береді.

Қоғамдық көлік мәселесі шешіледі



Қыс мезгілінде алматылықтарды алаңдататын тағы бір мәселе – қоғамдық көлік мәселесі. Ең алдымен, аязды күндері автобустардың уақытылы жүруі. Одан кейін балалар, науқас адамдар, жалпы автобус күтушілер тонып қалмас үшін, әсіресе, мектептерге, балабақшаларға, медициналық мекемелерге таяу орналасқан жерлерде жылы аялдамалардың болуы. Осы орайда, қоғамдық көлікке жиі мінетін қарапайым қала тұрғындары Алматыда аялдамалар санының артқанын қалайды. Ресми деректерге сүйенсек, Алматыда 2117 автобус аялдамасы бар. Бірақ олар әлі де жеткіліксіз. Неге десеңіз, қалаға кейіннен қосылған елдімекендер аумағында әлі күнге аялдамасы жоқ жерлер көп. Өйткені, аялдама жапалақтап жауып тұрған қарға қалқа болады.

Қала жұртшылығы қоғамдық көліктердің жетіспеушілігінен бастап, автобустардың көп кешеуілдейтіні, жүргізушілердің жолда жүру ережесін жиі бұзатындығы, олардың адаммен қарым-қатынастағы мәдениетіне көңілі толмайды. Бұл туралы алматылықтар шаһар

басшысының Алматы телеарнасындағы тікелей эфирде өтетін «Akimat LIVE» бағдарламасында жиі қозғалады. Осы жолғы бағдарламада да қоғамдық көлік мәселесі сөз болды. Мегаполис әкімі бұл салада кемшіліктер бар екенін жоққа шығарған жоқ.

Шаһар басшысының айтуынша, бүгінгі таңда Алматыға 1000 қоғамдық көлік жетіспейді. Қала билігі бұл мәселенің кезең-кезеңімен шешілетінін айта келіп, бүгінгі өзінде қосымша 300 автобус сатып алғанын жеткізді. Алғашқы 100 автобус Алматыға осы айда, одан кейін 100 автобус – желтоқсан айында, қалғаны – қаңтар айында жеткізіледі. Бұл қоғамдық көліктер жолаушысы көп бағыттарға қызмет көрсететін болады. Осылайша Алматының қоғамдық көліктеріне қатысты түйткілді мәселелер шешімін табады. Тағы бір ескеретін жайт, қар жауып, күн суығанда аяздан жер беті көктайғақ көлік апатынан келер қауіпті айтарлықтай көбейтіп жіберуі мүмкін. Сондай сәттерде көлік тізгіндегендерді жылдамдықты асырмай, барынша абай болуға шақырамыз.

ТҮЙІН:

Рас, табиғаттың тосын мінезіне тосқауыл жоқ. Арқаның аязындай азынап тұрмағанымен, Алматының да қыс кезінде өзіне тән ерекшеліктері бар. Айтпағымыз, «қыстың қамын жазда ойлау». Қалада қысқа дайындық жұмыстарының ерте көктемнен басталатынынан оқырмандарымызды құлағдар ету. Егер үйіміз жылы, деніміз сау болып, жолаушылар барар жеріне қоғамдық көліктермен дер кезінде жетіп тұрса, бұл қала билігінің тұрғындарға жасаған қамқорлығы деп біліңіз.



Халық санағының алғашқы нәтижелері

Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Мемлекет басшысы Премьер-Министр Асқар Маминді қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа биылғы 1 қыркүйек пен 30 қазан аралығында жүргізілген Ұлттық халық санағының алғашқы нәтижелері туралы баяндалды. Санақ нәтижесі бойынша әйелдер мен ерлердің үлес саны белгілі болды.

Ресми мәлімет бойынша жалпы қазақстандықтардың саны – **19 169 550 адам**. Отандастарымыздың 48,71 пайызы – ерлер, 51,29 пайызы – әйелдер. Қазақстан халқының орта жасы 31,94 жас деп көрсетілген. Жалпы халықтың 33,97 пайызы – 17 жасқа дейінгі балалар болса, 19,72 пайызы – 14–28 жас аралығындағы жастар екені айтылды.

Еліміздегі қазақтардың үлесі – **70,18** пайызға жеткен.

Халықтың 59,05 пайызы, яғни 11 320 410 адам еңбекке жарамды деп танылған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ



Нұржамал ӘЛШЕВА

Бостандық ауданында қоғамға ең жетті деген білім беру және медициналық нысандардың құрылысы қарқынды түрде жүріп жатыр.

Мәселен, биылғы сәуір айында №17 қалалық емхана жанынан жаңа дәрігерлік амбулатория («Атамекен» ТҮК) ашылды. Бұл – инфрақұрылыммен тығыз байланысты жаңа нысандар салуды көздейтін «Жаңа Алматы» кешенді стратегиясының жемісі. Осылайша тұрғын үй кешенінің жаңа қоныстанушылары алысқа емхана іздеп бармайды, яғни әлеуметтік нысандар қызметі қолжетімді деген сөз.

Қазіргі таңда «Балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының» опера-



АЛМАЛЫ АУДАНЫ

Жағымды жаңалық көп



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алмалы ауданында соңғы жылдары 764 аула қайта жаңғыртылды: асфальт ауыстырылды, балалар алаңдары орнатылды, жаяу жүргіншілер жолдары төселді және тұрғындарға ыңғайлы болу үшін бірқатар өзгерістер енгізілді. Бұл туралы Алматы өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алмалы ауданының әкімі Ержан Сейтенов мәлімдеді.

Е.Сейтеновтің айтуынша, аудандағы аула алаңдарының 95%-ы жаңартылған, яғни жаңадан салынған. Айта кетейік, Алмалы ауданының негізгі бөлігін 206 басқару органдары қызмет көрсететін 1395 үйден тұратын көппәтерлі тұрғын үй қоры алып жатыр. Биыл 460 көпқабатты үйдің тұрғындары әдеттегі ПИК-тен үйді басқарудың жаңа форматына көшті.

Ауданда «Нұрлы жер» тұрғын үйді жаңғырту бағдарламасы табысты жүзеге асырылып келеді.

– Биыл 39 көппәтерлі үйдің тұрғындары 105 лифт жабдықтарын жаңартты және 10 тұрғын үй бағдарлама бойынша үйлердің

ЭКОПОСТ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ НОРМА

Жылжымалы экопосттар көліктерге тексеру жүргізді

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша Алматыда көліктердің экологиялық нормаларға сәйкестігін тексеру рейдтері жүргізілуде.

Күн сайын Жасыл экономика басқармасы мен Полиция департаментінің қызметкерлері 11 экипажбен жолға шығады.

Экопосттардың тестілік режимдегі жұмысы барысында 1193 көлік дизельдік отынмен, 1357 көлік бензинмен жүретін 2550 көлік тексерілді. Нәтижесінде 589 көлікте пайдаланылған газ мөлшері қалыптан асқан. Яғни тексерілген барлық көліктің 23%-ы экологиялық нормаға сай келмейді. Сондай-ақ, құрылыс алаңдарында 269 жүк көліктің қоршаған ортаны қорғау шараларын бұзғаны анықталды.

Сонымен қатар, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 334-бабына сәйкес ауаны ластайтын шығарындылары мен шуы бекітілген нормадан асып түсетін көлік пен өзге де жылжымалы құралдарды пайдаланғаны үшін ескерту немесе жеке тұлғаларға 10, заңды тұлғаларға 100 айлық есептік

көрсеткіш көлемінде айыппұл қарастырылған.

Осы баптың бірінші тармағына сәйкес, егер аталған құқық бұзушылық бір жылдың ішінде тағы қайталанған жағдайда жеке тұлғаларға 20, заңды тұлғаларға 200 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады.

Еске сала кетейік, қазіргі кезде Алматының кіреберістерінде 19 экопост орнатылған. Қазіргі таңда оның 15-і іске қосылды, қалғаны осы жылдың аяғына дейін іске қосылады деп күтілуде. Барлық посттар арнайы өлшеуіш құралдар мен бейнебақылау камераларымен жасакталған.

Қалалық Полиция департаменті «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 334-бабына сәйкес соңғы он ай ішінде 18 799 көлікке қатысты жалпы сомасы 24 876 млн. теңгені құрайтын әкімшілік хаттама толтырған. Мониторинг экологиялық нормалардың бұзылуы негізінен Талғар, Қарасай аудандарынан келетін көліктерде көптеп байқалатындығын көрсетіп отыр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Орын жетіспеушілігі болмайды

циялық блогы бар қабылдау бөлімшесі корпусының құрылысы жүріп жатыр. Медициналық нысан келер жылдың қазан айында пайдалануға беріледі деген болжам бар.

Бостандық ауданында мектептер санын көбейту де басты назарда. Бүгінгі күні ауданда 34 мемлекеттік мектеп жұмыс істейді. Дегенмен, оқушы орнының тапшылығы (жыл басында 3750 орын) бары жасырын емес. Осы мәселені шешу үшін №38, №60, №199 мектептерге 1625 орынды қосалқы нысандар салынып, пайдалануға берілді. 300 оқушыға арналған №191 мектепке жапсарлас салынып жатқан құрылыс жұмыстары да аяқталуда.

Биылғы жазда №146 лицей ғимаратына жапсарлас 300 оқушыға шақталған қосалқы

нысанның құрылысы басталды. Сондай-ақ, №65 мектепке 400 орынға арналған қосымша құрылыс салу жоспарлануда.

№81 мектеп-гимназиясы мен №40, №45 мектептерді қалпына келтіру және күрделі жөндеу жұмыстарымен қатар, сейсмикалық нығайту жүргізілді. Тамыз айында «Орбита-3» шағынауданындағы №145 мектеп ғимаратын қалпына келтіру жұмыстары арқылы сейсмикалық күшейтуге кірісті.

№21 гимназия аумағында 120 орынды жаңа балабақша құрылысы аяқталды. Сондай-ақ, №71 балабақшаны күрделі жөндеу аяқталды. Ал Навои көшесіндегі №133 балабақшада жөндеу жұмыстары басталды. Ауданда жыл басынан бері 778 орынды 12 жекеменшік балабақша ашылған.

даңғылынан жоғары балалар алаңын орнатты. Демалыс орындарына (Қабанбай батыр – Жароков, Мұқанов – Шевченко және Мұқанов – Құрманғазы) бос учаскелер жайластырылды.

«Бюджетке қатысу» бағдарламасының тағы бір жобасы «Сосновый» скверінде және Қаздрамтеатрында, Сайран көлінің жағалауында және Қожамқұлов – Жамбылдағы скейтпарктің солтүстігінде төрт модульді дәретхананы орнату болды. Қазір кезде қалған жобалар бойынша жұмыстар жүргізілуде. Айта кетерлігі, 2022 жылы Алмалы ауданы тұрғындарының қатысуымен жобаларды жүзеге асыруға 2,5 млрд. теңге бөлінді.

Жаңа көшеттің атау тақтайшасы бар

Осы күзде Алмалы ауданының тұрғындары атаулы ағаштар отырғызды. Аудан басшысының айтуынша, жасыл желектерді отырғызуды тұрақты тәжірибеге енген. Jasyt Almaty бағдарламасы бойынша аудан әкімдігі қалалықтармен бірге 5,5 мың ағаш отырғызды.

Әрбір көшетке оны отырғызған тұрғынның аты жазылған жеке тақтайша бекітілген. Енді әр ағаштың өз «несі» болады. Енді олар өздері отырғызған ағаштарға уақытылы күтім жасауға міндетті. Өз кезегінде аудан басшысы алматылықтарға қаланы көгалдандыруға атсалысқандары үшін алғысын білдірді.

Ауданда көшет егуден басқа, ағаштардың апаттық бұталарын кесу арқылы қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары қолға алынған. Биыл 7 мыңнан астам ағашты санитарлық, формалық кесу және 300 апатты ағашты алып тастау жұмыстары жүргізілді.

Е.Сейтеновтың айтуынша, биыл Алмалы ауданында 6970 шаршы метр алаңға гүл отырғызылып, Назарбаев даңғылы, Абылай хан, Наурызбай батыр, Жібек жолы көшелері бойындағы жаяу жүргіншілерге арналған 7 мың шаршы метр учаскеге газон егілген. Сондай-ақ, Мұқанов–Бөгенбай батырға арналған «ТЖД құтқарушыларына» арналған жаңа тақырыптық саябақ ашылды. Аудан меценаттарының есебінен Мәуленов, Шевченко және Құрманғазы көшелерінің аралығындағы бөлігі өзгерді. Онда 2760 көпжылдық өсімдіктерден түрлі жасыл композициялар отырғызылып, автоматты суару жүйесі орнатылды.

«Менің Отаным» сурет байқауы



№151 жалпы білім беретін орта мектепте барлығы 1967 оқушы оқиды. Мектебімізде 2021жылдың 25 қарашасында 5–7-сынып оқушыларының арасында Елбасының «Тәуелсіздік дәуірі» кітабы негізінде «Менің Отаным» атты сурет байқауы өтті.

Шараның мақсаты – балалардың бойында патриотизмді қалыптастыру, ұлт бірлігін нығайту, сондай-ақ, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу, өскелең ұрпақтың одан әрі мүмкіндіктері мен шығармашылық өсуін ынталандыру болып табылады.

Байқауға қатысқан бүлдіршіндер мен жеңімпаздар арнайы грамоталармен және сыйлықтармен марапатталды. Шараға үлес қосқан көркем еңбек пәнінің мұғалімдері Сейітов Дәулет, Сейтқұлов Айдархан, Танатаров Назар, Шәкенова Жанна сияқты ұстаздар оқушылардың өнерін дамыту үшін жақсы бағыт-бағдар берді.

Мектеп директоры Гүлшат Молдабаева осындай әр пән бойынша ұйымдастырылған байқаудың, сонымен бірге ұстаздар арасында осы тақырыпқа байланысты спорт жарысының өтуіне тікелей өзі басшылық жасап отырды.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай өткізілген талапты шәкірттердің суретшілік өнерін дамытуға және көпшілікке насихаттауға үлес қосқан ұстаздарға әріптестері мен көпшілік қауым ризашылық білдірді.

Аида НҮРҒАЛИЕВА,
№151 жалпы білім беретін мектептің
көркем еңбек пәні мұғалімі.

Әуезов пен Райымбек түйіседі



Әсел ДАҒЖАН

Қаладағы Әуезов көшесі келесі жылы Райымбек даңғылына қосылады.

Әуезов көшесін оңтүстік бағытта ұзарту жұмысы биыл маусым айында басталған. Гоголь мен Райымбекті жалғайтын жол төрт жолақты болады да, оның екі жағына тротуар салынады.

Қалалық мобильділік басқармасы хабарлағандай, көше салынып жатқан тұрғын үй кешенінің жанымен 400 метрге ұзартылады. Аталған жол Гоголь көшесінен сәл төменде теміржолмен қиылысады. Онда қазір автоматты сигнализациясы бар өткел салынды. Жол төсемі, тротуар және су ағатын арық салу, бағдаршам орнату, іргелес аумақты абаттандыру жұмысы жүріп жатыр.

Жақында жолдың қалған бөлігін жөндеу жұмысына конкурс жарияланбақ. Конкурсты өткізіп, рәсімдеуге жұмсалатын уақыт пен қалған нысандарды бұзып, жол салу мерзімін ескерсек, Әуезов көшесінің Гогольден Райымбекке дейінгі бөлігі 2022 жылы көктемде ашылуы мүмкін деді басқарма мамандары.



АУЫР АТЛЕТИКА

Арли Чонтей – әлем чемпионы

7 қарашада Ташкентте (Өзбекстан) ауыр атлетикадан әлем чемпионаты басталды. Жарыстың алғашқы күні-ақ отандасымыз Арли Чонтей қоржынға алтыннан олжа салды. Ол 55 келі салмақ дәрежесінде дара шықты.

Бұл әлем чемпионаты о баста Перу астанасы Лима қаласында өткізілуге тиіс еді. Алайда, карантин шараларына орай перуліктер додadan бас тартты. Ташкент болса, шұғыл арада әлемдік сынды қабылдауға әзір екенін білдірді.

Жалпы, Ташкент алдағы жылдары әлемнің спорт орталығы болатын сыңайлы. 2022 жылы Өзбекстан астанасында дзюдодан әлем чемпионаты өтетін болса, 2023 жылы мұнда бокстан олимпиада қарсаңындағы әлемдік дода жалауын көтереді.

Ауыр атлеттер сыны бүгінде «Юнусабад» спорт кешенінде өтіп жатыр. Дегенмен, көрші елдегі сынға Қытай құрамасы қатыспады. Жалпы, 91 елден 638 спортшы тіркелген болса, соның ішінде ерлер – 71 елден, әйелдер 71 елден келген. Қазақстан атынан А.Чонтей (55 келі), Нұрғиса Әділетұлы (96 келі), Артем Антропов (96 келі), Карина Құзғанбаева (81 келі) және Айзада Мүптілді (+87 келі) сынға түседі.

А.Чонтей алғашқы жүлқып көтеру бағдарламасында үш




мүмкіндігін де сәтті пайдаланды. Ол 113, 116 және 118 келілік зілтемірді кезең еңсеріп, 2019 жылғы әлем чемпионатының қола жүлдегері Мансұр әл-Сәлемнен қосымша көрсеткіш бойынша ғана екінші сатыда тұрды. Әл-Сәлем 118 келіні екінші мүмкіндігінде бағындырған еді. Түрік зілтеміршісі Муаммер Шахин 116 ұпаймен бұл бағдарламаны үшінші орында аяқтады.

Серпе көтеру бағдарламасында әл-Сәлемнің жолы болмады. Ол алдымен – 136 келіге, содан кейін 138 келіге екі рет тәуекел жасап, үш мүмкіндігін де пайдалана алмады. Чонтей болса, 137 келіден бастап, үш мүмкіндігін тағы да сәтті орындады. 140 және 142 келілік зілтемір отандасымызға бірден бағынды. Нәтижеде Арли 260 ұпай жинап, күміс жүлде алған тайландтық Тада Сомбун-уаннан 4 ұпай алда болды. Қола жүлде болгариялық Ангел Русевке бұйырды. Жастар арасындағы әлем рекордшысы серпе көтеруде 144 келіні еңсеріп, алға шыққанмен, қоссайыс қорытындысында 254 ұпаймен қола тұғырды қанағат тұтты.

Ал А.Чонтей осымен екінші рет әлем чемпионатының жүлдесін иеленіп отыр. Ол 2018 жылы Ашхабатта (Түркіменстан) өткен әлемдік доданың қола жүлдегері атанған еді.

КӘСІПҚОЙ БОКС

Бос өткен жыл, қашқан чемпион



Еліміздің атынан сынға түсіп жүрген кәсіпқой боксшылардың жаңалығы аз емес. Солардың бір шоғыры төмендегідей:

- Жапония үкіметі COVID-19 вирусының жаңа «омикрон» штамынан қатты сақтанып отыр. Желтоқсан айының басынан бұл елдің сыртқы шекарасы қымталып, халықаралық немесе басқа да ауқымды шараларды өткізуге шектеу қойылды. Өкініштісі, 29 желтоқсанға жоспарланған Мурата–Головкин кездесуі де кейінге шегерілді. Бұл жекпе-жекте орта салмақта Муратаның – WBA Super, ал Головкиннің IBF және IBO нұсқалары бойынша әлем чемпионы атақтары сарапқа салынуға тиіс болатын. Омикрон дабысы алғаш естілген кезде де тараптар аса қатты алаңдай қойған жоқ. Өйткені, Геннадий Токиоға алдын ала барып, екі апталық карантинде болады делінген еді. Бірақ жергілікті талап бәрібір қатаңдау болды. Енді екі чемпион 2022 жылдың көктемінде қолғап түйістіреді. Естеріңізге сала кетейік, Г. Головкин соңғы рет 2020 жылдың 18 желтоқсанында поляк боксшысы Камил Шереметамен кездесіп, өзінің екі атағын сәтті қорғаған еді.

- Промоутер Том Лефлер екінші орта салмақтағы қазақстандық боксшы Әли Ахмедовтың (17-1, 13 KO) келесі жекпе-жегі қайда өтетінін жариялады. Ахмедов пен мексикалық Пол Валенсуэланың (26-10, 17KO) кездесуі 10 желтоқсанда Монтебелло қаласындағы (АҚШ, Калифорния штаты) Hollywood Fight Nights бокс кешіне жоспарланып отыр. Дәл осы қалада қыркүйек айында Ахмедов перулік Давид Сегарраны нокаутпен жеңген еді.

- Орта салмақта WBO нұсқасы бойынша әлем чемпионы Деметриус Андраде (31-0, 19 KO) атағынан бас тартып, басқа салмақ дәрежесіне ауысуы мүмкін. Бұған осы нұсқа бойынша чемпиондық атақтан міндетті үміткер Жәнібек Әлімханұлы мен Андраде арасындағы кездесудің санкцияланғаны әсер етті. Андраденің промоутері Эдди Хирн бұл шешімге ашық қарсылық білдіріп, ашулы мәлімдеме жасады.

«Бұл – күлкілі нәрсе. Біз чемпиондар арасындағы жекпе-жектерді белгілей алатын WBC-ге хат жаздық. Бір күннен кейін WBO бізге бұрын атын мүлде естімеген жігітті міндетті үміткер деп таңып жіберді. WBO чемпиондар арасындағы жекпе-жектерді санкциялай алмайды, бірақ соған не рұқсат береді, не бас тартуға құқығы бар. Олар біздің WBC-ге хат жазғанымызды біледі. Бірақ небары 48 сағаттан кейін жекпе-жек белгілеп отыр. Бұл жекпе-жек кімге керек? Мүмкін Андраде бір салмақ жоғарылайтын болар. Мұндай жағдайда ол бірден чемпиондық атақтан үміткер болу ережесін пайдалана алады. Қандай жағдайда да біз бір қадам жасауға тиіспіз, өйткені үміткермен кездеспек емеспіз», – деді Хирн.

20 күн ішінде Андраде мен Әлімханұлы тараптары келісімге келмесе, жекпе-жек 200000 доллар төменгі шегімен промоутерлік саудаға салынады. Ал Жәнібектің өзі «Туиттердегі» парақшасына: «Жақында... Орта салмақта жаңа әлем чемпионы!» деген құпиясы көп жазба жариялады.

БЕЙЖІҢ–2022

Дипломаттар қарсы, спортшылар қарсы емес

2022 жылғы Бейжің Олимпиадасының ұйымдастыру комитеті олимпиялық ойындарға қажет жасанды қарды дайындап жатқанын мәлімдеді. Бұл процесс қаңтар айының ортасында аяқталады.

Бейжің маңындағы шағын қалаларда, атап айтсақ, Янцинде – тау шаңғысы, Чжанцзякоуда биатлон, шаңғымен жүгіру, сноуборд және фристайл бәсекелері өтеді.

Бұл аймақтарда қар аз түсетіндіктен, ХОК ұйымдастырушыларға жасанды қармен толтыру қажеттігін ескерткен еді.

Ұйымдастырушылардың мәліметінше, 2018 жылғы Пхенчхан ойындарында тау шаңғысы нысаны үшін қолданылған қардың 90 пайызы – жасанды қар.

Ванкувер мен Сочи олимпиадаларында да жасанды қар қолданылды.

Ал күні кеше АҚШ билігі Бейжің олимпиадасының ашылу және жабылу салтанаттарына өз дипломаттары мен ресми тұлғалары қатыспайтынын мәлімдеді. Бұл Шыңжаң өлкесіндегі саны аз ұлттарға білдірілген қарсылық ретінде танысты.



рылды. Әзірше ресми Бейжің үнсіз. Бірақ спорт жарыстарына америкалық спортшылар қатыса береді.

Мұндай қадамға әр ел әртүрлі реакция білдіріп жатыр. Нидерланды мен Италия бұл мәселеде алдымен Еуроодақпен ақылдасып алатынын алға тартты.

Бейжің Олимпиадасы 2022 жылдың 4–20 ақпаны аралығында өтеді.

ФУТБОЛ

Томасов – үздік футболшы

Футболдан Қазақстан чемпионаты аяқтала сала, премьер-лига командалары жаңа маусымға дайындықты бастап кетті.

Биыл басты лигаға жолдама алған Павлодардың «Ақсу» командасы жаңа маусымға жаңа бапкермен қадам басады. Команда тізгінін биылғы қаңтар айында ұстап, I лига чемпиондығына жеткізген Марат Есләмов бапкерлер құрамымен бірге отставкаға кеткен-ді. Қазіргі ақпарат бойынша, команда тізгінін Испания құрамасының, «Манчестер Сити», «Галатасарай», т.б. белгі клубтардың бұрынғы ойыншысы Альберт Риера ұстауы мүмкін. Әзірше келіссөз жүргізіліп жатыр.

Ал «Қайсар» мен «Астана» сапында сәтті өнер көрсеткен Армения құрамасының ойыншысы Тигран Барсегян Братиславаның (Словакия) «Слован» командасына ауысты. Маусым соңында «Қайратпен» кездесуде Барсегян шу шығарып, бір айға айыпталған еді. Бірақ оның елордалық командада қалмайтыны біраздан бері белгілі болды. Армян вингеріне Кипр, Грекия, Нидерланды клубтары қызығушылық танытқанмен, ол «Слованның» нақты ұсынысын қабыл алған сияқты.

Молдова құрамасының бас бапкері міндеті Сергей Клещенкоға жүктелді. Маман жергілікті құраманы алдымен 2022 жылдың наурызындағы Қазақстанмен қос матчқа дайындайды. 24 және 29 наурызда Қазақстан мен Молдова екі рет кездесіп, Ұлттар лигасының С дивизионында қалу құқығы үшін таласады. Бұл екі құрама да 2020 жылғы Ұлттар лигасы ойындарында өз топтарында соңғы орында қалған еді.

Қазақстан кәсіпқой футбол лигасы премьер-лига командаларының бас бапкерлері мен



капитандары арасында сауалнама жүргізіп, Қазақстанның биылғы үздік футболшысын анықтады. 120 ұпай жинаған «астаналық» Марин Томасов биылғы Т. Сегізбаев атындағы жүлдеге ие болды. Томасов осы маусымда 33 матч өткізіп, 24 гол соқты, 14 гол пасын берді.

Бетті дайындаған
Естен САБАЛАҚ.



МЕРЕЙ

Классиктен марапат пен құрмет

Ресейлік жазушы, журналист Владимир Снегиревке Олжас Сүлейменов атындағы Халықаралық сыйлық берілді. Лауреатты марапаттау ЮНЕСКО қамқорлығымен Мәдениеттерді жақындастыру Халықаралық орталығында өтті. Ресейлік қонаққа құрметті марапатты орталықтың директоры, Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Олжас Сүлейменов табыс етті. Салтанатты шараға Қазақстан Журналистика академиясының басшысы Сағымбай Қозыбаев және Журналистика академиясының академигі Валерий Жандәулетов қатысты.

Валерий Жандәулетовтің айтуынша, Халықаралық сыйлықты Олжас Сүлейменовтің 85 жылдығына орай Қазақстанның Журналистика академиясы тағайындаған.

«Владимир Николаевичтің кандидатурасы сыйлыққа ұсынылғандардың арасында алғашқылардың бірі болды. Ол – тамаша публицистикалық материалдар мен жинақтардың авторы. Владимир Снегиревтің Олжас Омарұлы Сүлейменов туралы жазған тамаша кітабы «Молодая гвардия» баспасынан шыққан болатын», – деді Валерий Жандәулетов.

Қазақстан Журналистика академиясының басшысы Сағымбай Қозыбаев бұл кітаптың бір деммен оқылатынын, кейіпкердің жан-жақты бейнесін ашатынын, Олжас Сүлейменов өз дәуірінің ең жарқын жазушыларының бірі, қоғам қайраткері және дипломат ретінде танылатынын атап өтті.

– Кітапта кейіпкердің образы дәл берілген. Олжас Сүлейменов – рухани көшбасшы, мықты классик, оның есімі өз елімізде де, шет елдерде де танымал. Олжас – мыңжылдықтың бет-бейнесі. Осындай ұлы адаммен



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ

катар жүрудің өзі біз үшін бақыт, – деді Журналистика академиясының басшысы.

Сыйлықтың иегері Владимир Снегирев осынау жоғары марапат үшін Қазақстанның Журналистика академиясына алғысын айтты. Олжас Сүлейменов туралы кітап жазудың өзі ол үшін үлкен құрмет екенін атап өтті.

«Мен үшін Олжас Омарұлымен кездесудің өзі үлкен мәртебе. Біз ең алғаш осыдан үш жыл бұрын Карловы Варыда Жеңіс күніне арналған қабылдауда кездескен едік. Ақынмен кездесуім туралы «Молодая гвардия» баспасы біліп, маған Олжас Сүлейменов туралы кітап жазуға ұсыныс жасады. Кейін Олжас Омарұлы Прагаға келді. Сол кезде екеуіміз үш күн бойы әңгімелестік. Содан

кейін мен Нұр-Сұлтанға да, Алматыға да келдім. Алғашқы кездесуден кейін-ақ қарым-қатынасымыз үзілген жоқ. Мұхтар Омарұлымен әңгімелесуден ерекше шабыт алдым, сондықтан болар, кітап та жылдам жарық көрді», – деді Владимир Снегирев.

Владимир Снегиревпен бірге оның ресейлік әріптестері – «Ресей газетінің» Бас директоры Павел Негоица және осы басылымның Орталық Азия өкілдігінің директоры Дмитрий Евлашов құрметті марапаттарға ие болды. Олар «Невада–Семей» антиядролық қозғалысының 30 жылдығына орай медальға ие болды.

Айнұр НҰРСАБЕТ.

ДЕПУТАТ

Кітап тарту етті

